

● ПРЕЗИДЕНТ

**БАСТЫ МАҚСАТ —
БАЙЛАНЫСТЫ НЫҒАЙТУ**

Елбасы Қазақстанға ресми сапармен келген Мысыр Араб Республикасының Президенті Әбдел Фаттах Ас-Сисимен кездесті.

Кездесу барысында екі елдің сауда-экономика, ауыл шаруашылығы, фармацевтика, инфрақұрылым және көлік-логистика салаларындағы ынтымақтастығы мәселелері талқыланды.

Нұрсұлтан Назарбаев Ә.Ас-Сисидің Қазақстанға алғашқы сапары елдеріміз арасындағы серіктестік қарым-қатынастарға жаңа серпін беретінін айтты.

— Біздің ел Мысырмен сенімді достық қарым-қатынасты дамытуға мүдделі. Биыл қазақстандықтар өз тәуелсіздігінің 25 жылдығын мерекелейді. 1991 жылы араб елдері ішінен Мысырдың ең бірінші болып тәуелсіздігімізді танығаны есімізде. Содан бері халықтарымыз бен елдерімізді жақындастыру үшін көп жұмыс жасалды, осы жылдар ішінде мен Мысырға бірнеше рет бардым, — деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті екі елдің географиялық алшақтығына қарамастан, көлік-транзит байланысын дамыту үшін зор әлеуетке ие екеніне де назар аударды.

Мемлекет басшысы Ә.Ас-Сисидің Мысыр басшылығына күрделі кезеңде келгенін айтты.

— Біз соңғы жылдардағы ішкі қақтығыстарға, қантөгістер мен революцияға қарамастан, Мысыр халқының ұйыса білгені және жаңа Президентке сенім білдіргені үшін қуаныштымыз. Сіз таяуда Парламент қабырғасында сөйлеген сөзіңізде жаңа мақсаттар мен міндеттер қойдыңыз, олар бізге де түсінікті, жанымызға жақын. Мысыр — Таяу Шығыстағы ірі мемлекеттің бірі, сондықтан біз әлемдік нарықтағы қазіргі жағдайда экономикалық ынтымақтастық жөніндегі сенімді диалогымызды жалғастырғымыз келеді, — деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Ә.Ас-Сиси Мысыр халқы мен ел басшылығы Астана мен Каир арасындағы екіжақты қарым-қатынастар деңгейін жоғары бағалайтынын айтты.

— Біз еліміз үшін қиын кезеңде Қазақстанның көрсеткен қолдауын бағалаймыз. Менің сапарымның мақсаты — елдеріміздің арасындағы тығыз байланысты барлық бағыт бойынша одан сайын нығайта түсу, — деді Ә.Ас-Сиси.

● МӘЖІЛІС

**ЭКСПО-2017:
ДАЙЫНДЫҚ
ҚЫЗА ТҮСУДЕ**

Бейсенбі күні облыстық әкімдікте облыс әкімінің орынбасары Ғалым Әміревітің қатысуымен «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесінде «Қазақстан» Ұлттық павильонын мазмұнды әрі тақырыптық толтырылуын қамтамасыз ету мәселесі бойынша мәжіліс болып өтті. Мәжіліске Энергетика министрлігінің өкілдері Алма Жукенова, Сағат Хансейітов және облыстық басқарма басшылары мен кәсіпкерлер палатасы өкілдері, жергілікті кәсіпкерлер қатысты.

Мәжілісті ашқан облыс әкімінің орынбасары «ЭКСПО-2017» көрмесін өткізудің маңыздылығын атап өтті. “Бұл көрме мемлекетіміздің мығымдығын, еліміздің еңселілігін, ойымыздың тереңдігін, халқымыздың қонақжайлылығын, айналып келгенде, ұлттың ұлылығын көрсететін тұс” деді ол. Мұнан кейін А.Жукенова халықаралық көрмені өткізуге қатысты Ұлттық жоспар қабылданып, оның шеңберінде көптеген жұмыстар атқарылып жатқанын жеткізді. Астананда қазір 173 гектар жерде «ЭКСПО-2017» нысандарының құрылысы жүруде. Көрмені өткізуге байланысты әрбір министрлікке тиісті жауапкершіліктер жүктелген. Солардың арасында Ұлттық павильон өткізуге Энергетика министрлігі тікелей жауапты. Бұл бағытта барлық өңірлермен тығыз байланыста жұмыс жүргізуге тура келеді. «Қазақстан» павильоны аймақтарда жүзеге асырылған және қолға алынып жатқан жобаларға қатысты экспонаттармен қамтылуы тиіс.

С.Хансейітов өз кезегінде «Болашақ мұражайы» және «Қазақстан» павильоны туралы айтып берді. «Болашақ мұражайы» диаметрі 80 метрлік шар тәріздіс ғимарат орналасады деп күтілуде. Ғимараттың жалпы аумағы 15 мың шаршы метр. Мұнда болашақтың энергиясы жайлы барлық ақпараттар орналасады. «Қазақстан» павильоны екі бөлікпен тұрады. Оның бірі Қазақстанды таныстыруға арналады. Қазақстанның ландшафты, тарихы, бүгінгі және болашағы туралы ақпараттар болады. Оған Мәдениет және спорт министрлігі жауапты. Екінші бөлігі «Жасампаз энергия» деп аталады. Мұндағы экспонаттар Қазақстанның «Жасыл энергия мен болашақ энергиясына» көзқарасын жан-жақты сипаттайтын болады. «Жасампаз энергия» бөлігі төрт бөлікпен тұрады. Онда экономика жобалары, Мемлекет басшысының қоршаған ортаны қорғау туралы бастамалары жөніндегі саясатына қатысты ақпараттар, үшінші бөлігінде болашақ энергиясына қатысты отандық ғалымдардың ұсыған жобалары, төртіншісінде «Жасампаз энергияның» негізгі жобалары орналастырылады. «Жасыл экономика» бөлімінде ауыл шаруашылығындағы және басқа салалардағы биожабалар, қалдықтарды өңдеу, басқа да тиімді жобалар орналасады.

Осы ретте Ғ.Әміреев Астанаға жіберілетін жобалар бойынша пікірін жеткізді. Олар көрме тақырыбына сәйкес келетін заманауи жобалар болуы және олардың дизайны жоғары деңгейде жасалуы тиіс. Біздің облыстан диодты жарықшамдар, қалдықтарды өңдеу секілді басқа да жобаларды жіберуге болады. Ғ.Әміреев осыған байланысты басқарма басшыларына тиісті тапсырмалар беріп, келесі айда осы тақырыпта үлкен басқосу өткізілетінін мәлімдеді.

Ы.ТӨЖІҒҰЛЫ.

**“ДАМУ”
ДЕМЕГЕН ЖОБАЛАР**

Жыл өткен сайын мемлекеттік қолдау аясында өз кәсіптерін өркендетуге мүмкіндік алған кәсіп иелерінің қатары артып келеді. Сондай қолдауға ие болған серіктестіктің бірі — «МеаПрим» ЖШС. Аталған серіктестік басшылығы мемлекеттің қолдауымен ғарыш айлағы іргесіндегі Ақай ауылында экструдиялық тағам өнімдерін шығаратын цех ашып, өз жоспарын сәтпен жүзеге асыруды көздеп отыр.

Нақты кезеңде «Старт-ап» жобасының жүзеге асуы үшін бастауыш кәсіпкер Виктор Павлов «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның филиалынан несиесі рәсімдеу үстінде. Жеке кәсіпкер екінің деңгейлі банктен несиесі қаражатын алу үшін кепілдік жетіспеушілік мәселесін оңай шешкеніне қуанышты. Айта кетейік, ерекше жобаны қолға алған іскер жігітке «Даму» қоры жоба құнының 85%-на кепілдік беріп отыр. Ал несиесі қаражатына цехқа қажетті құрал-жабдықтар сатып алынады.

Іскер азаматтың айтуынша, жыл өткен сайын аталған тамақ өнімдеріне сұраныс артауда. Себебі, мұндай өнім етті лайықты алмастырушы ретінде пайдаланылады. Жобаның табысты жұмыс жасауы үшін бизнеске Мәскеуден арнайы инженер-технологтар тартылды. Жергілікті кәсіпкердің бизнес-жоспары сәтті жүзеге асқанда 5 жаңа жұмыс орны ашылады деп күтілуде. Бастысы, серіктестік жылына 55 тонна дайын өнім шығаратын болады.

Р.АРЫСТАНБАЙ.

Сыр бойы



1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

27

АҚПАН
СЕНБІ

2016 жыл
№29-30 (19114-19115)

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

www.syrboyi.kz



**ДЕНСАУЛЫҚ САЛАСЫН ҚОЛДАУ —
ҰЛТ БОЛАШАҒЫНА ҚАМҚОРЛЫҚ**

Кеше облыстық медицина орталығында облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен облыстық денсаулық сақтау басқармасының 2015 жылдың қорытындысына арналған кеңейтілген алқа мәжілісі болып өтті. Оған ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі Елжан Біртанов қатысты.



Қала және аудан әкімдері, емдеу мекемелерінің бас дәрігерлері мен басқарма басшылары қатысқан жиында облыс әкімі мәжілістің маңыздылығы жөнінде айтып өтіп, аймақтың денсаулық сақтау саласында атқарылып жатқан жұмыстарға қысқаша тоқталды.

— Бүгін біз әлеуметтік саладағы ең маңызды бағыт — денсаулық сақтау саласында 2015 жылы атқарылған жұмыстарды қорытындылап, 2016 жылғы жұмыс жоспарын нақтылауға жиналып отырмыз. Өздеріңіз білетіндей, 2015 жылы «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы мөресіне жетіп, биыл «Денсаулық» бағдарламасы қабылданды. Жаңа бағдарлама медициналық қызмет сапасын көтеріп, қолжетімділігін жақсартып, денсаулық сақтау жүйесін қаржыландыру және басқару жүйесінің тиімділігін арттыруға бағытталған. Сала мамандарының алдына осы міндеттерді қою арқылы Қазақстан денсаулық сақтау саласында экономикалық ынтымақтастық

және даму ұйымы елдерінің стандарттарымен ендіруді кезең-кезеңімен қолға алды. 30 өркенетті ел қатарына кіру үшін біз осы ұйымның талаптарына сай болуымыз керек. Мұны Елбасы үнемі айтып келеді. Ендігі кезекте бар күшті денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік қызметтің сапасын көтеруге саламыз. Сонымен қатар, биылдан бастап міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін енгізуге дайындық жұмыстары басталады. Сондықтан саладағы осы өзгерістер мен жаңа талаптарға біз дайын болуымыз керек, — деді аймақ басшысы.

Сондай-ақ, облыс әкімі саланы қолдау, оны дамыту мәселелері ерекше назарда екенін атап өтті.

— Соңғы үш жылда саланың бюджеті 50 пайызға өсті, кезең-кезеңімен емханалар мен ауруханалар салынып жатыр, техникалық-материалдық базалары нығайтылуда. Медициналық ұйымдарды санитарлық автокөліктермен қамту 100 пайызға жетті. Бастапқы санитарлық медициналық көмекті

қаржыландыру көлемі 2,6 есеге өсті. 34 денсаулық сақтау нысаны салынып, іске қосылды. 2015 жылы денсаулық сақтау саласына 30,5 млрд теңге қаржы бөлінді. Жан басына шаққанда қаражат көлемі бойынша біз Астанадан кейінгі екінші орындамыз. Облыс бюджетінің 26 пайызы денсаулық сақтау саласына бағытталғанымен, медициналық қызметтің сапасы әлі де көңіл толтырмайды. Былтырғы жылмен салыстырғанда арыз-шағымдардың 34,6 пайызға артуы соған дәлел. Сауалнамаларға қарасақ, өздеріне көрсетілген көмек пен қызмет сапасына риза емес тұрғындар көп, медицина қызметкерлерінің сөзі мен қызметіне сын айтатындар саны азаймай отыр. Салада бірқатар көрсеткіштер бойынша алға жылжу бар, әрине, оны біз жасырмаймыз, олардың бола берігін қалаймыз. Қазіргі таңда біз үшін ең маңызды көрсеткіш ана мен бала өлім-жітімі. Ана өлімі бойынша республикада ең нашар көрсеткіш бізде. Өткен жылы тоғыз анадан айырылды. Оның жетеуінің бетін

● АЛҚА МӘЖІЛІСІ

МӘСЕЛЕЛЕР УАҚЫТЫЛЫ ШЕШІЛУІ КЕРЕК

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың қатысуымен облыстық әкімдіктің алқа мәжілісі болып өтті. Оның күн тәртібінде үш мәселе талқыланды. Облыстың ағымдағы әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері және бюджет қаржысының игерілуі мен кірістердің түсу нәтижелері туралы облыс әкімінің орынбасары Қуанышбек Ысқаков хабарлама жасады.

Хабарламашы жыл басында Үкіметке облыс меморандумы таныстыруға жіберілігін, содан кейін Үкімет бекіткен меморандум негізінде облыс әкімдігінің он бір нақты нысаны индикаторлары анықталғанын атап өтті. Ол өңірдің дамуына үлес қосатын барлық индикаторларға қатысты бүгінгі жағдайды баяндай келе, оларды жүзеге асыруға жауапты басшылар мен басқармалар тізімін келтірді. Мұнан соң бюджетке түсім көрсеткіштері туралы мәліметтерді ортаға салды.

2015 жылы облыс бюджетіне барлығы 38,7 млрд теңге түскен. Алайда, 2016 жылға бюджетті жоспарлау барысында бекітілген түсім көлемі 35,9 млрд теңгені құрады. Ол өткен жылғы көрсеткіштен 7,2 пайызға төмен. Үкімет пен облыс әкімдігі арасындағы меморандумға сәйкес, бұрынғы жылмен салыстырғанда облыстық бюджетке түсетін салық және салықтық емес түсімдердің көбею мөлшерлемесі 2,5 пайыз болып жоспарланған. Ал өзіміз оны 4,7 пайызға жетілдіруді көздеп отырмыз. Осыған байланысты 2016 жылға жоспарлаған сомадан 1,9 млрд артық орындалып, барлығы 39,7 млрд теңге салық және

салық емес түсімдердің түсуін қамтамасыз етуіміз керек. Бұл бүгінгі таңдағы ең негізгі шарттардың бірі болып табылады.

Қ.Ысқаков 2015 жылы жалпы түсімдер жоспары орындалғанымен, Қызылорда қаласының жылдық жоспары орындалмай, бюджетке 260 млн теңге кем түскенін айтып өтті. Сондай-ақ, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда бюджетке түсім көлемі Қызылорда қаласы мен Жаңақорған ауданында кем болып отырғанын жеткізді. Бұлар негізінен табыс және мүлік салығына қатысты болып отыр. Дегенмен, қызметшілер жалақысы биылғы жылғы көбейіп отырғандықтан жоспар орындалады деген болжам бар. Ал бюджет шығыстарының орындалуы ағымдағы кезеңде 88,6 пайыз болып отыр. Игерілмегені 1,2 млрд теңге. Аудандар мен Қызылорда қаласы бюджеттері бойынша игерілмеген қаржының жалпы көлемі 718 млн теңге.

Облыс басшысы осы ретте қосымша салық көздерін іздестіру қажеттігін атады. Барлық сауда нүктелерінде қасалық аппараттар болуы керек және ол жұмыс істеуі тиіс. Шет аймақтардағы тұрғын үйлердің, ғимараттардың мүлік, жер салықтарын қарау керек болады.

— Ал қазіргідей «ерекше кезеңде» бюджет қаражатын дұрыс қоспарламай, нысаналы мақсатына игермейтін басының өз жұмысына салғырттық қараған деп есептеймін. Қиындықпен келген қаржыны игермеу — кешіріммен қарауға болмайтын қылмыс, — деді облыс әкімі.

Мәжілістің күн тәртібіндегі келесі мәселе — еңбек қатынастарының жағдайы және

жалақы қарыздарын болдырмау шаралары туралы облыстық еңбек саласындағы бақылау басқармасының басшысы Нұрлыбек Жолдасбаев хабарлама жасады. Ол 22 мекеме бойынша жалақы қарызы 640 млн теңгеге жеткені туралы ақпарат берді. Әйтсе де, соңғы күндердегі жүргізілген жұмыстар нәтижесінде көптеген мекемелер жалақы қарызынан құтыла бастады. Соның нәтижесінде, жалақы берешегі біраз азайып, ол 138-140 млн теңгеге түсті. Ол жұмыстар жалғаса беретін болады. Хабарламашы сонымен қатар Қызылорда қаласы мен барлық аудандарда ірі және орта кәсіпорындарда жұмысшыларды қысқартпау туралы меморандумдар жасалып жатқанын баяндады.

Күн тәртібіндегі мәселеге қатысты аймақ басшысы барлық тиісті сала басшылары мен қала, аудан әкімдеріне, кәсіпорындар басшыларына жалақы қарыздарын болдырмауды, еңбек дау-жанжалдарының алдын алуды қатаң тапсырды. Сонымен бірге, облыстық еңбек саласындағы бақылау басқармасына құзырлы органдармен бірлесіп, жалақы қарыздарының алдын алу және өтеу жұмыстарын жандандыру қажеттігін ескертті. Аудандар мен қала әкімдеріне жалақыдан қарыздары қалыптасқан ұйымдардың қаржылық жағдайларын мұқият зерделеп, жалақыларын мүмкіндігінше тез арада өтеу жолдарын қарастыруды, сонымен қатар, тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте жұмыс орындарының қысқаруына жол бермей, жаңа жұмыс орындарын ашудың тиімді ұйымдастырылуын тапсырды.

Соңғы мәселе — көктем егісіне дайындық барысы туралы облыстық ауыл

шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Өмірхан Пашкенов айтып берді. Биылғы жылы 164600 гектар алқапқа егіс егу межеленіп отыр. Дәнді дақылдар көлемі 84,1 мың, мал азығы дақылдары 59,1 мың, көкөніс, бақша, картоп дақылдары 16,7 мың, майлы дақылдары 5,4 мың гектарды құрауы тиіс. Негізгі дақыл — күріш 76,2 мың гектарға егіледі деп межеленуде. Бұл өткен жылғы көрсеткіштен 7600 гектарға аз. Бұл егін шаруашылығын әртараптандыруға қатысты болып отыр. Мұнан кейін басқарма өкілі көктемгі егістікке техникалардың дайындығы, минералды тыңайтқыштармен қамтамасыз етілу барысы, қаржы бөлу жағдайынан мәліметтерді келтірді. Мәжілісте «Қазсушар» РМК Қызылорда филиалының директоры Болат Арыстанбаев көктемгі егіске су алуға дайындық барысы, Жаңақорған ауданындағы «Келінтобе» және Шиелі ауданындағы «Шиелі» магистральдық каналдарындағы су тоспаларының биылғы жылғы жағдайы жайлы айтып берді. Ол биыл су жеткілікті болады деп болжанып отырғанын жеткізді. Ал «Ы.Жақаев атындағы қазақ күрші шаруашылығы ҒЗИ» ЖШС бас директоры Серікбай Өмірзақов биыл ресейлік сорттармен қатар, отандық «Маржан» және «Айсәул» сорттарына сұраныс жоғары деген ақпарат беріп өтті.

Облыс басшысы ауылшаруашылық басқармасы басшылығы мен аудан және қала әкімдеріне көктемгі дала жұмыстары мен егін орналастыру науқанын өз деңгейінде атқаруды тапсырды.

Ыдырыс ТӘЖІҒҰЛЫ.

“МЕН ЕЛІМДІ СҮЙЕМІН!”

Облыстық “Өңірлік коммуникациялар қызметінің” баспасөз орталығында “Мен елімді сүйемін!” деп ұрандаған жас белсенділер бас қосты. Олар “24кз” телеарнасынан тікелей эфирде көрсетілген бағдарламамен байланысу мүмкіндігіне ие болды. Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арналған аталған шараға барлық облыстың жастары телекөпір арқылы қосылды. Еліне, туған жеріне деген ыстық ықыласы мен махаббатын жеткізген жастар замандастарын өз елінің патриоты болуға шақырды.

Алдағы уақытта жастар еліміздің 25 жылда жүріп өткен жолы мен жетістіктері арқау болатын бейнеролик түсірмек. Онда тарихи құндылықтарымыз, ата-бабамыздың мол мұрасы мен арманы және тәуелсіз Қазақстанның асыл мұраты баяндалады деп күтілуде. Ал оны ғаламатторға орналастырып, әлем халықтарына өз елдерін мақтанышпен көрсетпек. Сондай-ақ, сол арқылы замандастарын жеткен жетістік пен тәуелсіздіктің қадір-қасиетін ұғынуға шақырмақ.

М.БІҒАЛП.



ДЕНСАУЛЫҚ САЛАСЫН ҚОЛДАУ — ҰЛТ БОЛАШАҒЫНА ҚАМҚОРЛЫҚ

Алқа мәжілісінде сөз алған ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі Елжан Біртанов Ұлт жоспары «100 нақты қадамда» нақтыланған денсаулық сақтау жүйесінің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында 2017 жылдан бастап елімізде енгізілетін міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі жөнінде кеңінен айтып өтті.

– Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің басты мақсаты медициналық көмектің сапасын арттыру болып табылады. Біз осыны түсінуіміз керек және тұрғындарға түсіндіруіміз қажет. Мемлекет азаматтардың 15 санаты үшін (оның ішінде 12-сі халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал топтары) жарна төлейтін болады. Жұмыс берушілер жалдамалы жұмысшылар үшін, қызметкерлер мен салық органдарында тіркелген өзін-өзі қамтыған азаматтар өздері үшін төлейді. Бүгінгі таңда міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру бойынша жол картасы әзірленіп, бекітілді. Аталған құжатқа сәйкес, биылғы жылы нормативтік-құқықтық база жасалып, әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры құрылады. Бұл 2017 жылғы 1 қантардан бастап белгіленген соманы жинақтау және 2017 жылғы 1 шілдеден бастап, ӘМСҚ арқылы медициналық қызметтер төлемдерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді,– деген Е.Біртанов осы орайда ел арасында ақпараттық-түсіндірме жұмыстардың жан-жақты жүргізілуі керектігін айтты. Сондай-ақ, вице-министр елімізде



қоғамдық денсаулық жүйесінің құрылатынын айтты.

– Үздік халықаралық тәжірибеге сәйкес, денсаулық сақтау жүйесін әрі қарай дамытуға

Айнұр БАТТАЛОВА.

Бүгінгі таңда жекешелендіру дегеніміз – жеке секторда мемлекет тарапынан бәсекелестікті азайтуға және бизнесті дамыту мен ынталандыруға, экономиканы мемлекет иелігінен шығаруға бағытталған жиынтық рәсімдер.

ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУДІҢ ЕКІНШІ ТОЛҚЫНЫ

бағыт жекешелендіру және экономикалық бәсекелестікті ынталандыруды көздейді.

Бүгінде тұрақты экономикалық өсімді қамтамасыз ету үшін ішкі ресурстарды барынша іске қосудың маңызы зор. Ол үшін біз екі тиімді құралды – кең ауқымды жекешелендіруді және бәсекелестікті ұлғайтуды пайдалануға тиіспіз.

«Мемлекеттік мүлік туралы» Заңның кейбір нормалары қайта қаралып, жекешелендіру объектілерін сату Ережесіне көптеген өзгерістер енгізілді және Қызылорда облысы бойынша коммуналдық меншіктің 5 объектісі енген 2016 - 2020 жылдарға арналған жаңа Кешенді жоспары қабылданды.

Жекешелендіру объектілерін сату Ережесінің ескі редакциясында тендерде жекешелендіру объектісін екінші және кейінгі сауда-саттыққа қою кезінде бастапқы баға алдыңғы тендердің бастапқы бағасынан 20 пайыздан аспай төмендетілетін болса, жаңадан

енгізілген өзгерістерге сәйкес жекешелендіру объектісін екінші және үшінші сауда-саттыққа шығару кезінде бастапқы баға алдыңғы тендердің немесе жабық тендердің бастапқы бағасының елу пайызына төмендетіледі. Осыған сәйкес, объектіні екінші және үшінші сауда-саттық арқылы сату мүмкіндігі ұлғаяды.

Сонымен қатар, тендерде немесе аукционда қатысушылардың саны екеуден аз болса, олар өтпеген деп жарияланады онда жекешелендіру объектісі үшінші сауда-саттықта бір ғана қатысушыға сатылуы мүмкін.

Осыған орай, жекешелендіруге шетелдік және қазақстандық инвесторлар қатысу үшін барлық жағдай жасалды, бұл ретте квазимемлекеттік сектор мен активтерді сату әділетті нарықтық баға бойынша, ашық және бәсекелі жүзеге асырылатын болады.

Ағымдағы жылы «Салауатты өмір салтын қалыптастыру облыстық орталығы»

негіз ретінде қоғамдық денсаулық жүйесі құрылатын болады. Оның негізгі атқаратын қызметтеріне тоқталсақ, халық арасында салауатты өмір салтын насихаттау мен ағарту шараларын жүргізу, жұқпалы және негізгі жұқпалы емес аурулардың, яғни, эпидемиологиялық қауіпсіздік пен денсаулықты қорғау салаларындағы заңнаманың сақталуын бақылау, аймақтық және ұлттық деңгейдегі аурулардың дамуын ұзақ мерзімді болжау,– деді Е.Біртанов.

Жиынды қорытқан облыс әкімі Қ.Көшербаев Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігіне үш мәселе қойды. Оның алғашқысы, мемлекеттік-жекеменшіктік әріптестік негізінде облыстық онкология орталығының материалдық-техникалық базасын күшейтіп, аймақтық орталық негізінде құру болса, екінші, облыс аумағынан өтетін «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық транзиттік көлік дәлізінің бойынан 3 медициналық бекет ашу, соңғысы салаға маман тарту, әсіресе, ауылдық елді мекендерге дәрігерлер тартуға әлеуметтік қолдауды жандандыру мәселесі. Осы орайда вице-министр аталған мәселелердің оң шешілуіне ықпал жасалатындығын мәлімдеді.

Аймақта денсаулық сақтау саласын дамыту, оң нәтижелерге қол жеткізу бойынша сала басшысына, бірқатар басқарма басшыларына, аудан әкімдеріне нақты тапсырмалар жүктелді.



Жекешелендірудің «екінші толқынын» жүзеге асыру мақсатында әлемдік тәжірибе зерделеніп, кейбір экономика секторында мемлекеттің қатысуын шектеу жөнінде қолданыстағы заңнамаға қажетті өзгерістер енгізілді. Экономикаға қатысты тиімділік мүмкіндігі жөнінде жекешелендіру мен бәсекелестік ортаның жай-күйіне талдаулар жүргізілді.

2014-2015 жылдары аралығында елімізде мемлекеттің меншігіндегі нысандарды және холдингтер мен ұлттық компаниялардың активтерін мемлекет иелігінен шығару бойынша жұмыс жүргізілді.

Бүгінгі таңда, мемлекеттік кәсіпорындар жеке бизнеске бәсекелес болып келеді және жеке бизнес жұмыс жасайтын тең емес бәсекелестікті жою мақсатында жекешелендіру мәселесі туындап отыр.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2015 жылғы 30 қарашадағы «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсу, реформалар, даму» атты Қазақстан халқына Жолдауында дағдарысқа қарсы және құрылымдық жаңарулардың бес бағытын атап көрсетті. Оның ішінде үшінші



ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫНДАҒЫ ЖАҢА ҚАДАМДАР

Елбасының бес институционалдық реформаларды жүзеге асыруға және Үкіметтің бірінші кезектегі іс-қимыл жоспарында жер қатынастары саласын реформалау шаралары да (35, 36-қадамдар) қамтылып отыр. 35-қадамдағы ауыл шаруашылығы жерлерін нарық айналымына алу, Жерлерді аукциондар арқылы жекешелендіру, Жер кодексіне және басқа да заң актілеріне өзгерістер енгізулерді іске асыру үшін қолданыстағы ҚР Жер кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» «ҚР Жер кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылы 2 қарашада №389- V ҚРЗ ҚР Заңы қабылданды. Аталған Заң 2016 жылдың 1 шілдесінен бастап күшіне енеді. Заңды әзірлеуде соңғы жылдардағы ауыл шаруашылығы жерлерінің пайдаланылуы мен олардың нарық айналымына алынуы жағдайына талдамалар жасалды.

Заң қолданысқа енген күннен бастап мемлекеттік меншіктегі ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелері ҚР азаматтарына және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға тек жекеменшік құқығымен беріледі. Жер кодексінің 24-бабында қаралған жеке және заңды тұлғаларға ауыл шаруашылығы жерлеріне жер пайдалану құқықтарын табыстау, сондай-ақ, жерлерді пайдалану мерзімін ұзарту мүмкіндігі алынып тасталды. Ауыл шаруашылығына жарамды жерлерді жеке меншікке табыстау үшін жерлерді кезеңімен сату қолы таңдалды. Бұл жаңа механизм ауыл шаруашылығы мақсаты үшін жерлерді тек аукциондарда сату арқылы табыстауды көздейді. Осы механизмді іске асыру үшін ҚР Жер кодексі жаңа 48-1- баппен толықтырылды. Енгізілген бапқа сәйкес, босалық жерлер құрамындағы ауыл шаруашылығы алқаптары алғашқыда ағылшын әдісі арқылы, одан кейін учаскелердің бағасын оның кадастрлық құнының 50 пайызы мөлшеріне дейін төмендетіп отырып, голландиялық

тәсілімен аукциондар арқылы табысталады. Бұл процесс аукцион мен конкурстардың өткізілетіні туралы республикалық және жергілікті БАҚ-та жарияланып, барынша ашық болады деп күтілуде. Осы бапты жүзеге асыру үшін ҚР Ұлттық Экономика министрлігінің 2015 жылы 31 наурыздағы № 290 бұйрығымен бекітілген «Жер учаскесін немесе жер учаскесін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттықты, оның ішінде электрондық түрде, ұйымдастыру мен өткізу қағидасына» өзгерістер енгізу қарастырылып отыр.

Облыстағы жер есебінің мәліметтеріне сүйенсек, 2015 жылдың 1 қантарында облыстағы тауарлы ауыл шаруашылығы құрылымдарының меншігі мен жер пайдалануында 4923 учаске болса, олардың 80 пайызы жерді пайдалануда. Жекеменшікте 13 пайыз, тұрақты пайдалануда 7 пайыз. Яғни, облыстағы ауыл шаруашылығы жерлерінің 13 пайызының ғана нақты қожайыны бар. Бұл өзгерістердің енгізілуінің басты себебі жерді тек пайдаланып қана қоймай, оның сапалық жағдайына мүдделі жер иесін қалыптастыруда.

36-қадамда жер телімдерін мақсатты пайдалану түрін өзгертуге рұқсат алу рәсімдерін жеңілдету, ауыл шаруашылығы жерлерінің пайдаланылуына тұрақты түрде мониторинг жүргізу және барлық пайдаланылмай отырған алқаптарды әрі қарай жекешелендіру мақсатында мемлекеттік қорға алу жайы айтылған. Аграрлық сектордағы өнімділікті арттыру мақсатында табысталған жерлерде ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізумен байланысты нысандар құрылысын салу кезінде және тауар өндірушінің ұйымдық-құқықтық нысаны өзгерген жағдайда жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту процедурасы алынып тасталды. Яғни, шаруашылық пайдаланып отырған учаскеде немесе оның бір бөлігінде мал шаруашылығы кешендері, өндірістік

МКҚК-ны және Арал қалалық шаруашылық жүргізу құқығындағы көпсалалы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындары сауда-саттыққа шығару жоспарланып отыр.

Жекешелендіру рәсімі барынша ашықтықты және жариялылықты қамтамасыз етеді.

Жекешелендіруге жататын объектілер, сатылатын немесе сатылған объектілер туралы ақпарат www.gosreestr.kz веб-порталында мемлекеттік және орыс тілдерінде орналастырылады және сауда-саттық электрондық түрде өткізіледі.

Жекешелендіру нысандары туралы толыққанды жазылған әрбір нақты нысанды тағайындай отырып, жекешелендірудің рәсімдеу жұмыстарын жүргізудің түсіндірме медиа жоспары әзірленді.

Талғат ЖАҚЫПБАЕВ, облыстық қаржы басқармасының басшысы.



жылыжайлар, суару құрылғылары және т.б. шаруашылық жүргізуге қажет құрылыстарды салу керек болған жағдайда учаскенің нысаналы мақсатын өзгерту талап етілмейтіндігі заңнамалық тұрғыдан бекітілді. Нысаналы мақсатын өзгерту процедурасының онтайландырылуы аграрлық сектордағы субъектілердің қызметін жеңілдетуге, әкімшілік кедергілерді азайтуға және инвесторларды тартуға тұрақтылықты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жалпы жер қатынастарын реттеу саласындағы реформалар жерлердің иесін қалыптастыру, пайдаланылмай отырған жерлерді қайтарып алу, оларды ауыл шаруашылығы өндірісімен айналысуға ниеттенген мүдделі тұлғаларға ғана табыстау бағытын ұстануда. Осыған байланысты жерді пайдаланушыларға қойылатын талаптар күшейтіліп, пайдаланылмай отырған жерлерді анықтау, заңсыз пайдаланылған жерлерді мемлекет меншігіне қайтарып алу механизмдері жасалуда.

Республика көлемінде 2012-2014 жылдары жалпы көлемі 7.4 млн гектарды құрайтын 19.2 мың ауыл шаруашылығы мақсатындағы учаске анықталса, оның ішінде облыс бойынша 132.6 мың гектар жердегі 379 учаскенің пайдаланылмай отырғаны белгілі болды. Оның 100,8 мың гектары мемлекет меншігіне қайтарылды. Ал 19,9 мың гектар жерді шаруашылықтар қайта пайдалануға кірісті. Пайдаланылмай отырған жерлерді мемлекетке қайтарып алуға немесе шаруашылықтардың өз жерлерін қайта пайдалануға кірісуге бағытталған жұмыстар соңғы жылдары тұрақты бақылауға алынып отыр. Жалпы алғанда, 100 нақты кадамның қатарындағы 35, 36-қадамдар ауыл шаруашылығы жерлерін нарық айналымына алуды, жерлерді жекеменшікке беруге, сондай-ақ тиімді пайдалануға кедергі келтіретін әкімшілік кедергілерді жою механизмдерін енгізуге, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту процедурасын онтайландыру арқылы аграрлық салаға қызығушылықты арттыруға, саланың өнімділігін көтеруге бағытталған шараларды жүзеге асыруды көздейді.

С.АЙТБАЕВА, облыстық жер қатынастары басқармасының бөлім басшысы.

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаев облыстық мемлекеттік сатып алу басқармасының басшысы болған Ғалымжан Ниязовты басқа жұмысқа ауысуына байланысты жаңа қызметімен құттықтап, өмірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі үшін облыстың Құрмет грамотасымен марапаттады.

ЖАҢА ҚЫЗМЕТІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

– Ғалымжан Мұқырұлы жұмыс барысында өзін іскер ұйымдастырушы ретінде танытты. 2014 жылы елімізде бірінші болып біздің облыста құрылған мемлекеттік сатып алу басқармасы өзінің тиімділігін дәлелдеді. Қазіргі уақытта оң тәжірибені басқа аймақтар үлгі ретінде пайдалануда. Басқарма қызметкерлері мемлекеттік сатып алу туралы жаңа заңды әзірлеуге қатысты. Бұл жұмыстың барлығында да Ғалымжан Мұқырұлының кәсібилігі, қажырлы еңбегі көрінді, – деді облыс басшысы.

Айта кетейік, облыс әкімінің бастамасымен мемлекеттік сатып алу басқармасы 2014 жылы елімізде бірінші болып біздің өмірде құрылып, жаңа басқарма басшылығына Ғ.Ниязов тағайындалған болатын. Аталған басқарма мемлекеттік сатып алудың қыр-сырын осы жұмыспен айналысатын мамандарға түсіндіру үшін көп еңбек етті. Құқықтық-нормативтік актілер жинақтары шығарылып, мекемелерге сатып алу конкурстарын өткізуде әдістемелік және тәжірибелік жәрдем көрсетілді. Бұл сатып алу саласындағы ашықтық пен объективтілікті қамтамасыз етті. Құрылыс нысандары белгіленген мерзімде пайдалануға берілді.

Өз кезегінде Ғ.Ниязов Сыр елінде мол тәжірибе жинақтағанын айтып, бірге қызмет атқарған әріптестеріне алғысын жеткізді.

Айта кетейік Ғ.Ниязов «СК-Фармация» Ұлттық компаниясының мемлекеттік сатып алу департаментінің директоры болып тағайындалды.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.

ДАРХАН ДАЛАДАН ПАНА ТАПТЫҚ

Жақында Елбасы 1 наурызды “Алғыс айту күні” деп белгілеп, арнайы Жарлыққа қол қойды. Бұл мереке менің көңіліме үлкен қуаныш ұялатты. Өйткені Қазақстанда тұрып, мамыражай күн кешіп жатқан әрбір ұлттың көкейінде қазақ халқына деген ризашылық сезім тұнып тұр деп ойлаймын. Соның ішінде біздің месхеттік түрік ұлты өкілдері атынан шын жүректен айтар алғысым шексіз. Өйткені басымызға қиын-қыстау күн туған шақта біз осы бір кең даладан пана, қонақжай, мамыражай қазақтардан мейірім көрдік.

Менің ата-анам 1944 жылы 17 желтоқсанда Қап тауынан осында жер аударылып көшіп келіпті. Міне содан бергі 72 жыл бойы қазақ халқымен бірге тату-тәтті өмір сүріп келеміз. Бізміз бір ананың баласындай, Сыр топырағына сіңісіп кеттік. Осыдан-ақ қазақ халқының жомарттығы мен дархандығын аңғаруға болады.

– Біздің аман-есен тірі қалуымыз әуелі Құдайдың, екінші қазақтардың бауырмалдығы, жетім мен жесірге, біз секілді жер ауған халық өкілдеріне достық қолын созуының арқасы, – дейді әкем Сейфо. Оны осы топырақта туған біздер де жақсы сезінеміз. Сол үшін де қазақ халқы алдында борыштармыз, оларға айтар алғысымыз да шексіз.

Міне, биыл Қазақстанның тәуелсіздік алғанына 25 жыл болады. Осы аралықта бізді ұлтқа бөліп, қол шошайтып, “елдеріңді табындар” деген адам болған емес. Өзіміз еркін білім алып, қалаған кәсібімізбен айналыстық. Салт-дәстүрімізді сақтап қалуға да кедергі жоқ. Енді бүгінде балаларымыз білім алып, қазақтан дос тауып, туған бауырлардай араласып кетті. Тіпті үйімізде қазақтың кейбір салт-дәстүрін ұстанып, ұлттық тағамдарын сүйсіне жейміз.

Тұрмыс-тіршілігіміз де жаман емес. Қалаған кәсібімді дөңселентіп отырмын. Мен секілді іс бастап, жетістікке жетіп, осы топырақта өсіп-өніп отырған талай ұлттың өкілін аңғаруға болады. Мұның бәрі елдің кеменгер басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың ұстанған сарабал саясатының арқасы десем, артық айтқандық емес. Сондықтан бізді сыртқа теппеген, шеттетпеген жүздеген ұлт пен ұлыстарға төрінен орын берген қазақ халқына мың алғыс айтамын.

Амурса БАЙСАЛОВ, жеке кәсіпкер, Жанақорған ауданы.

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС – АЗАМАТТЫҚ ПАРЫЗ

Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында «Жемқорлық – індет, жою міндет» тақырыбында «дөңгелек үстел» өтті. Жыныға ҚР Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің облыс бойынша сыбайлас жемқорлық профилактикасы басқармасының бас маманы Қ.Әбіраманов, Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың «Құқықтану» кафедрасының оқытушысы Л.Қаржаубаева, Қазақ гуманитарлық заң және техникалық колледжінің оқытушысы Б.Қайназаров және кітапхананың тұрақты оқырманы Ә.Байбақиев қатысып, жастарға құқықтық мәдениетімізді көтеретін уақыт жеткенін түсіндірді.

Басқосуда сыбайлас жемқорлық фактісі белгілі немесе оған араласуға мәжбүр болған жағдайда уәкілетті және құқық қорғау органдарына хабарлау керектігі айтылды. Сондай-ақ, жауапты мамандар жемқорларды әшкерелеу азаматтық парыз екенін айтты. Аталған мәселе төңірегінде жастар да өз ойларымен бөлісті.

Жылы соңында «Жемқорлық – індет, жою міндет» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, библиографиялық шолу жасалды.

Кенжетай БАЛҒАБАЙҰЛЫ.

№17 “Мектеп” сайлау округіне Қызылорда облыстық мәслихаты депутаттығына кандидат ТОҚТАМЫСОВ ӘСЕТ МЫРЗАХАНҰЛЫ

ӨМІРДЕРЕК

Тоқтамысов Әсет Мырзаханұлы 1958 жылдың 6 қарашасында Қызылорда облысының Сырдария ауданындағы Киров атындағы кешінарда белгілі мұғалімдер отбасында дүниеге келген.

1976 жылы №143 С.М.Киров атындағы орта мектепті бітіріп, сол жылы Алматы қаласындағы Қазақтың мемлекеттік ауыл шаруашылығы институтына (қазіргі Қазақ Ұлттық аграрлық университеті) оқуға түсіп, 1981 жылы бітіріп шықты.

Институттың жолдамасы бойынша 1981-1983 жылдар аралығында облыстық сактандыру баскармасында аға экономист болып қызмет атқарса, 1983 жылдың тамыз айынан 1991 жылдың қараша айына дейін Қазақтың күрші шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтында ғылыми қызметкер болды.

1987-1990 жылдар аралығында Мәскеу қаласында Бүкілодақтық агропротектанату және тыңайтқыштар ғылыми-зерттеу институтының аспирантурасында оқып, 1991 жылдың мамыр айында кандидаттық диссертация қорғалы.

1991 жылдың қараша айында Ы.Жақаев атындағы Қызылорда агроөнеркәсіп өндірісі инженерлері институтының «Идромелиорация» кафедрасына аға оқытушы болып қызметке ауысып, 1996 жылдан 1998 жылдар аралығында институттың біріккен кәсіподақ ұйымының төрағасы болды.

1998-2000 жылдар аралығында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің Жаратылыстану факультеті деканының орынбасары, ал 2000-2003 жылдар аралығында факультеті деканы қызметін атқарды.

2003-2008 жылдар аралығында университеттің «Жерге орналастыру» кафедрасының меңгерушісі, 2008-2011 жылдар аралығында сырттай оқу бөлімінің деканы қызметінде болса, 2011 жылдың тамыз айынан университеттің «Ауыл шаруашылығы өндірісінің технологиясы» кафедрасының меңгерушісі. Қазіргі таңда Ы.Жақаев атындағы күрші шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты бас директорының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары.

2010 жылдың 29 қантарында Алматы қаласында «Микробиология және вирусология» ғылыми-зерттеу институтында докторлық диссертация қорғалды.

2006 жылы ЖОО үздік оқытушысы грантының иегері. 2012 жылы «ҚР ғылымына сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталды.

Жолдасы – Мырзахметова Миран Қызылорда мемлекеттік университетінің «Көп-тілді білім беру» кафедрасының оқытушысы. Қызы – Тоқтамысова Гүлназ орта мектепте ағылшын пәнінің мұғалімі, п.ғ. магистрі, тұрмыста, екі баласы бар. Ұлы – Сабырхан Тоқтамысов, облыстық қаржы полициясында қызмет атқарады, екі баласы бар.

Күрметті сайлаушы!

Сіздің назарыңызға ұсынып отырған сайлауалды бағдарламам «Нұр Отан» партиясының «Қазақстан-2021: БІРЛІК, ТҰРАҚТЫЛЫҚ, ЖАСАМПАЗДЫҚ» сайлауалды бағдарламасы талаптарынан туындайтын және уақыттылық жүзеге асырылатын мәселелерді қамтиды.

Егер ағартып оқуға ықпалы облыстық мәслихаттың депутаты болсам, сол депутаттық мандатты тиімді пайдалана отырып, бағдарламада көрсетілген және бүгінгі күні тұрғындар үшін ең өзекті болып отырған мәселелерді толық шешу жолында белсенді жұмыстар жүргіземін. Алағ қойған мақсат-мұратымды нақты іске асыра алатынымыз Сіздерді сендіріп келеді. Бүгін менің өмірлік кәсібім тәжірибем де, білім де жетеді. Әзірге керекті Сіздің қолдауыңыз ғана.

20 наурызда сайлау учаскесіне келіп, менің кандидаттарымды қолдап дауыс беріңіз. Болашақты бірге жасайық, күрметті сайлаушы!

№16 “Сәулет” сайлау округі бойынша қалалық мәслихат депутаттығына үміткер ЖАРАСБАЕВ ЖАСҰЛАН БАҚЫТҰЛЫ

ӨМІРДЕРЕК



Жарасбаев Жасұлан Бақытұлы 1988 жылғы 31 қантарда Сырдария ауданы, Н.Илисов ауылында дүниеге келген. 1995-2006 жылдары Сырдария ауданы, Н.Илисов ауылындағы №132 орта мектепте, 2006-2010 жылдары Алматы қаласындағы К.И.Скрябин атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті, 2012-2014 жылдары Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің құрылысы және заңгер мамандықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолы 2006-2007 жылдары Алматы қаласындағы «Өнер» жарнама агенттігіне дизайнер, 2008-2009 жылдары Қызылорда қаласындағы «Стандарт» жарнама агенттігі» ЖШС директоры, 2009 жылдан бүгінгі күнге дейін «Қызылорда Корек» и Компания» ЖШС директоры қызметін атқару.

Қызылорда қаласының архитектуралық кеңестің жасақтауға, мерекелік бейнделуіне өз үлесін қосып келеді. Облыс, қала әкімдерінің, аяғыс қатарымен марапатталып, «Жылдың үздік бейнеленушісі» номинациясының иегері атанған. 2015 жылдан бастап «Нұр Отан» партиясының мүшесі. Отбасылы, 1 қыз тәрбиеленіп отыр.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

- Сайлаушылар тарапынан білдірілген өтініштерін жүзеге асыруа ұйықты болу;
- Тұрғындардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсарту мақсатында жұмысшыларды мамандыққа қайта даярлау, қоғамдық ақылы еңбекке тарту және олардың жұмысқа орналау мүмкіндіктерін шешуіне көмек көрсету;

- Қойбалылы аналдар, қариялар, жетім балалар мен мүгедектерге, әлеуметтік тұрмысы төмен отбасыларға көңіл беру;

- Жол мәселесінің шешілуіне, ауыз су, аяқ су және жарықтандыру жұмыстарына жергілікті бюджеттен қаржының бөлінуіне ықпал ету;

- Жаңа жұмыс орындарының ашылуына жағдай жасау;

- Шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға құл салу;

- Және үйлер салынып жатқан жерлерді инфрақұрылымның дамуына ықпал ету және ондағы өзекті мәселелердің шешілуіне атсалысу;

- Жасөспірімдер мен балалар арасындағы қызығарлық, құрқак бұтұныпталыстың алдын алу шараларын жүзеге асыру, олардың бас уақытын тиімді пайдалану мән беру, спорт алаңдары мен үйірмелер, қатнапхандар және мәдениет үйлері жұмыстарын жалғастыру, дестүрлі сайыстар ұйымдастыруына қолдау көрсету;

- Жасөспірімдер мен балалар арасындағы қызығарлық, құрқак бұтұныпталыстың алдын алу шараларын жүзеге асыру, олардың бас уақытын тиімді пайдалану мән беру, спорт алаңдары мен үйірмелер, қатнапхандар және мәдениет үйлері жұмыстарын жалғастыру, дестүрлі сайыстар ұйымдастыруына қолдау көрсету;

- Білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт саласы қызметкерлеріне қолдау көрсету, өсибектің өлеуіне бас-көз болу, әлеуметтік салаардың материалдық-техникалық базасын нығайту жолдарын қарастырып, шешуіне жұмыс жасау;

- «Сахат» шағын ауданындағы қоғамдық көлік мәселесінің шешілуіне бас мән беру;

- Мұғалімдердің статусын көтеруге атсалысу, арадағы ұстаздарға, Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне арнайы демалыс орындарына қоғам бөлінуіне ықпал жасау;

- Мемлекеттік жастар саясатының сапалы жүзеге асыруа жұмыс жасау;

Күрметті сайлаушылар! Таңдау құқығы өткендігіне. Мен қала тұрғындарын жақсы білемін және 2016 жылы 20 наурызда сайлауға қатысуға атсалысатындарыңызға сенімдімін. Егер маған дауыс берсеңдер, менің сайлауалды бағдарламым ойландырылған және оның орындалуына Сіздерді сендіремін. «Нұр Отан» партиясымен тек қана алағ!

№17 «Мектеп» сайлау округі бойынша облыстық мәслихат депутаттығына кандидат АБТИКАЛЫКОВ НҰРХАН БОРАНБЕКҰЛЫ

ӨМІРДЕРЕК

Абтикалыков Нұрхан Боранбекұлы 1979 жылы ақпан айының 5 жұлдызында Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жанатапал ауылында дүниеге келген.

1996 жылы Жанатапал ауылындағы №119 орта мектепті бітірген. Сол жылы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда гуманитарлық университеті физика-математика факультетінің «Математика» мамандығына қабылданып, 2000 жылы «Математика, қосымша физика пәнінің мұғалімі» біліктілігін алды.

2000 жылдың қыркүйек айынан бастап Жалағаш ауданы, Мақпалкөл ауылындағы №117 Ә.Оманбаев атындағы орта мектепке «математика» пәні мұғалімі болып қабылданып, мұғалім, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарды.

2007 жылдың қараша айынан бастап Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «Педагогика және психология» кафедрасында, 2010 жылдан «Психология» кафедрасында оқытушы қызметін жалғастырды.

2010 жылы Қызылорда қаласындағы Қазақ-Қытай университетіне «Педагогика және психология» мамандығы бойынша магистратура бөліміне түскен ол 2011 жылы Қызылорда мемлекеттік университетіне ауысып, 2012 жылдың маусым айында Педагогика және психология мамандығы бойынша «Педагогика ғылымдарының магистрі» академиялық дәрежесін алып шықты.

2012 жылдың 1 қыркүйегінен «Ақмешіт» гуманитарлық-техникалық институтында «Оқу-әдістемелік бөлім» бас әдіскері, 2015 жылдың қыркүйек айынан осы бөлімнің меңгерушісі қызметін атқарып келеді.

Отбасылы, 2 бала тәрбиеленіп отыр.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

- Сайлау округіндегі тұрғындар мүдесі мен құқықтарын тұрақты қорғаймын;

- Сайлау округі көлемінде заңдылықтардың сақталуын, заңдарда белгіленген жөнделіктер мен көмеңдердің халыққа заңға сәйкес берілуін қадағалаймын;

- Барлық салыда мемлекеттік тілдің қолданылуына және басқа тілдерді оқытуға ықпал ету;

- Аймақтың өркендеуіне және оның инфрақұрылымның дамуына үлес қосу;

- Жалпы, жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру;

- Азаматтардың құқықтарын қорғау;

- Шағын және орта кәсіпкерлікке, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығына қолдау көрсету;

- Қоғамдағы ұлтаралық келісім және тұрақтылықты сақтауына үлес қосу;

- Денсаулық сақтау саласын жетілдіруге ықпал ету;

- Халықтың қамтамасыз етілуімен топтарын, яғни толық емес, жағдайы төмен, қойбалылы отбасылары, зейнеткерлерді, соғыс және еңбек ардагерлерін оралам-дар мен жастарды қолдау;

- Жаңа жұмыс орындарын құру арқылы жұмыссыздық деңгейін төмендету;

- Үнемі бақылаушыларды және мектептерді қолдау;

- Сыбайлас жемқорлықпен күресу, білім беру мен денсаулық сақтаудың әділетті жүзесі, әділетті әлеуметтік қорғау, әділетті жастар және тұрғын үй саясаты мәселелерін қадағалау;

- Әр тұрғын үйдің құбырлары мен электр желілерін күрделі жөнделуен өткізуге бюджеттен қаржы бөлуіне ықпал ету;

- Қала жолдарының құрылысы мен жөнделу, көшпелері, ауалдары, жаяу соқпақтарды жарықтандыру бойынша бағдарламаларды іске асыртуға;

- Қаланы сумен жабдықтау мәселесін шешуіне жәрдем беруге;

- Қала мен елді-мекендерді абаттандыруға, жоғары мәдениетті ауданға айналытуға;

- Мәдени мекемелердің, мектептердің, спорт нысандарының материалдық базаларын нығайту;

- Балаулардың жалдық демалысын ұйымдастыру;

- Жасөспірімдер арасында пәнісалықпен, наншорлықпен күресу;

- Мәдениетті дамытуға жан-жақты жағдай жасау;

- Халықтың сап-дестүрін нығайту;

- Жастардың жұмысқа орналауына қолдау;

- Агроөнеркәсіп кешенін дамытып, жаңа өндіріс ошақтарын ашуға ықпал ету.

(Қаржысы республикалық бюджет есебінен).

№18 “Батыс” сайлау округі бойынша облыстық мәслихат депутаттығына кандидат САҒЫНДЫҚОВ АЙДОС ӘБДІҚАДЫРҰЛЫ

ӨМІРДЕРЕК



Сағындыков Айдоc Әбдіқадырұлы 1980 жылы 2 мамырда Өзбекстан Республикасы Ташкент облысы Шыршық қаласында дүниеге келген. 1997 жылы Шыршық қаласындағы С.Мұқанов атындағы №1 орта мектепті бітірді. 1998-2000 жылдары Өзбекстан Республикасы Қарулы күштерінің қатарында борышын өтеді. Өзінің еңбек жолын 2000 жылы бастаған Айдоc Сағындыков «Астана-Сервис» компаниясында түрлі қызмет атқарды. Жоғары білімді заңгер. 2004 жылы Қазақ-Өзбек инженерлік-гуманитарлық университетіне оқуға түсті және 2009 жылы Қазақстан халықтар Достығы университетінің «Құқықтану» мамандығы бойынша оқу бағдарламасын толық меңгеріп шығып, бакалавр дәрежесін меңдеді.

2005 жылдан 2008 жылға дейін Астана қаласы «Әлем» саула үйінде жеке кәсіпкерлікпен айналысты. 2009 жылдан бастап бүгінгі күнге шейін «Сағындыков» ЖК-ның директоры болып еңбек етіп келеді.

Қазіргі таңда тынымсыз еңбегі мен қарқынды қызметінің арқасында «Сағындыков» ЖК жедел дамула. Атап айтсақ, Қызылорда қаласында кәсіпкерлікке көлік бағыттарының қарқынды жұмысын барынша дамытуға және олардың көпестірілуіне көпелдік беретін сапа сертификаты бар.

Кәсіпкер зейнеткерлерге, тұрмысы төмен азаматтарға, мүмкіндігі шектеулі жандарға және балалар үйіне әрдайым қайырымдылық көрсетеді.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

– қаланың экологиялық жағдайын жақсартуға және қаланы қолғаландыру, абаттандыру жұмыстарына атсалысу;

– еркін кәсіпкерлік қандағаты мен өлшемсіне сай келетін бағдарланған нарықтық экономиканың дамуына ықпал ету;

– әлеуметтік бағдарламалар мен экономикалық жоспарлардың орындалуы үшін бақылаудың тиімділігіне қол жеткізуге;

– сапалы көлік қызметі көрсетуінің бақылауға алу және қоғамдық көлік бағыттарының қарқынды жұмысын барынша дамытуға;

– тазалық – денсаулық кепілі, Қызылорда қаласын гүл қалаға айналыдыру;

– жаңа жұмыс орындарын құру арқылы жұмыссыздық деңгейін төмендету және кеделілікпен күресу;

– саламатты өмір салтын насихаттау, таза ауыз сумен қамту және қоршаған ортаны қорғау, әрбір азаматтың экологиялық мәдени деңгейін арттыру арқылы халықтың денсаулығын нығайту.

Сонымен қатар, маған жергілікті мәселелердің ауқымды жақсы таныс. Атап айтқанда, тұрғын үйлерді жылыту, ауаларды жарықтандыру, ескі үйлерді жөнделу, қайта құру және басқа да көптеген мәселе бар. Жаңа әрі сапалы қалам жасаймы, аталған жергілікті мәселелер шешімін таппайды. Сондықтан, мен келесі де және жергілікті өзін-өзі басқару органдары арқылы да көрсетілген өзекті мәселелердің оң шешілуіне қол жеткіземін. Ең бастысы, күрметті сайлаушылар, сіз бен біздің бірлігіміз, өзара түсіністігіміз қажет.

БІЗ СІЗДІҢ МӘСЕЛЕНІЗДІ ЖАҚСЫ БІЛЕМІЗ, ОЛАРДЫ МІНДЕТІ ТҮРДЕ ШЕШУГЕ ЖҰМЫС ІСТЕМІЗ!

ҚАЗАЛЫДА САЙЛАУҒА ӘЗІРЛІК ҚАРҚЫНДЫ

Жанқожа Нұрмұхамедұлы көшесіне орналасқан аудандық сайлау комиссиясының тынығлықты жұмысын көрген соң осындай тұжырымға келді. Комиссия төрағасы Жанпарберген Жағаласбай талай сайлау науқанына жетекшілік жасаған тәжірибесі мол маман.

Төрағамен тілдесу барысында біраз сырға қанықтық. Аудандық сайлау комиссиясының қаулысымен сайлауды әзірлеу мен өткізуге байланысты күнтізбелік жоспар, комиссия мүшелерінің өзара міндеттер бөлінісі, сайлаушыларды қабылдау кестесі жасалып бекітілген. Аудан бойынша 3 облыстық, 15 аудандық округтік, 38 учаскелік, 1 аудандық аумақтық сайлау комиссиясы бар. Оларда 399 сайлау комиссиясының мүшесі жұмыс істейді.

– Оқругттің, учаскелік сайлау комиссияларының шекаралары мен құрамы қайта қаралды. Нақты кезеңде 39979 сайлаушы есепке алынды. Қала, кент, ауылдық округ әкімдері тарапынан сайлаушылар саны нақтылануда. Аудандық сайлау комиссиясы тарапынан комиссия мүшелеріне құқықтық оқыту бойынша бірнеше мәрте семинар-көнеce өткізілді. Жұырда №204 мектепте облыстық сайлау комиссиясы мүшелерінің қатысуымен семинар – оқу ұйымдастырылды, – дейді комиссия төрағасы.

Саяси науқанға арналған «Сайлау заңдылығы және сайлауды ұйымдастыру» тақырыбындағы сайлау комиссияларының төрағалары, орынбасарлары, хатшылары қатысқан ауқымды кенестен тұшымыды ой түйді. Бас-аяғы 200-ге тарта адам бірнеше сағат бойы өздеріне аса қажетті мағлұматтар алды. Күн тәртібіндегі сайлауға байланысты дауларды қарастыру тәжірибесі, учаскелік сайлау комиссиясының жабықтықталуы, сайлаушылардың тізімін қабылдау және нақтылау жұмысын ұйымдастыру, сайлауға байланысты қоғамдық тәртіпті қадағалау, сайлау заңдылығы және оны бұзушылықтың жауапкершілігі, өзге де тақырыптарға жұртшылық қызығушылық танытты.

Сонымен Қазалыдағы үш облыстық, он бес аудандық округ бойынша ұсынылған кандидаттардың 54-і тіркеуден өтті.

Жұмабек ТАБЫПБАЕВ.
Қазалы ауданы.

ЗАҢ ТАЛАПТАРЫ САҚТАЛАДЫ

Елбасымыздың «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты Жолдауы мен «Ұлт жоспары – Қазақстанды арманға бастайтын жол» атты мақаласында халықтың көкейіндегі өткір мәселелер сөз болды.

Еліміздің басты жоспарын игілікке асыру мақсатында биылғы жылдың бірінші қантарынан бастап 59 заң күшіне еңсе, «100 нақты қаламды» орындалуын практикалық кезеңі басталды. Нәтижесінде айтылған өзгерістер мен толықтырулар нақты іске асуда. Қазіргі таңда Бас көлік прокуратурасы республика аумағында заңдардың біркелкі қолданылуын, сондай-ақ мемлекет қаржысының ұтымды пайдаланылуын қадағалау барысында нақты жұмыстар жасауда. Атап айтқанда, соттарда қылмыстық істерді қарау кезінде мемлекетке, азаматтарға келтірілген залалдың мөлшеріне, жазаның дұрыс тағайындалуына ықпал етіп, заң талаптарының сақталуына тиісті дәрежеде қадағалау жүргізіліп келеді.

Мысалы, «Әуежай-Астана» кеден бекетінің бас маманы С., кәсіпкерлер С. және И. аса ірі мөлшерде Қытай елінен әкелген 324 дана әл терісінен жасалған тондарын кедендік рәсімдеуден өткізбей, жасырын алып өткізу кезінде ұсталған. Сот тереуінде айыпталушылар өзіне тағайындалған айыппен мойындамады, бірақ олардың қиналары сотқа берген куәлердің жауаптарымен, сараптама қорытындыларымен, айғақ заттармен, оқиға болған жерді қарау хаттамалары және басқа іс құжаттарымен дәлелденді.

Астана қаласы Есіл ауданы №2 аудандық сотының үкімімен кеден бекетінің бас маманы С. ҚК-ның 234-бабы 3-бөлігінің 1-тармағымен кінәлі деп танылып, жеке мүлкі тәркіленіп, лауазымды мемлекеттік қызметпен айналысу құқығынан өмір бойы айыру, 4 жыл мерзімге бас бостандығынан айыру, жазасын түзеу колониясының жалпы режимінде өтеу белгіленді.

Ал, кәсіпкерлер С. және И. ҚК-ның 234-бабы 2-бөлігінің 4, 5-тармақтарымен кінәлі деп танып, мүлкін тәркілеп, әрқайсына 2500 АЕК, яғни 4 955 000 теңгеден айыппұл салынып.

Мұндай мысалдарды тізбектей беруге болады. Бірақ біздің айтарымыз оң емес, мақсатымыз – сыбайлас жемқорлық қылмысының алдын алу, оны болдырмау мақсатында жұмыстар жасау.

Аса маңызды бағыттарды үйлестіру жолында бүкіл күш-жігерді жұмылдыру, мүмкіндікті шоғырландыру әрі үйлестіруге бағытталған келесі идеялар Мемлекет басшысының Жолдауларында бастау алып жататындығы халқымыздың жалында.

Сондықтан біздің міндетіміз – Еліміздің көркейіп, дамуына бар күшімізді салып, жұмыс жасау.

Бауыржан КІШКЕНЕБАЕВ,
Бас көлік прокуратурасы
10-шы басқармасының аға прокуроры,
кіші әділет кеңесшісі.

ТӘУЕЛСІЗДІК ТОЛҒАУЫ – 1992 ЖЫЛ

МЕМЛЕКЕТТІК ТУ. ЕЛТАҢБА. ӘНҰРАН ЕГЕМЕНДІ ЕЛДІҢ ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢІ

1992 жылдың ел тарихындағы алатын орны ерекше. Өйткені, жыл соңында қолға тиген тәуелсіздіктің негізгі қадалары мен іргетасы 1992 жылы қаланды. Тәуелсіз елдің өзін әлемдік қауымдастыққа танытар, етек-жеңін жияр, басқалармен терезесі тең дәрежеде болатындығын көрсете алар жыл болды.

1992 жылдың еліміз үшін сынақ жылы болуының бір дәлелі – жыл басынан бастап бағаның ырықтан-дырылуына байланысты азық-түлік бағаларының шарықат өсуінен, ақшаның күнсіздануынан, дүкен сөрелерінің бос қалуынан, экономика-ның құлдырауынан көрінді. Бағаны алдымен Ресей босатты. Бұл кез-де Қазақстанмен бірге бұрынғы Одақ құрамында болған барлық респу-бликалар да рубль аймағында бола-тын. 1991 жылдың соңғы күнінде Ресей Президенті Б.Ельцин 1992 жылдың 1 қаңтарынан бастап бағаның ырықтандырылатындығын жарияла-ды. Сол күннен бастап-ақ Ресей-де және онымен көршілес жатқан өңірлерде дүрбелең басталып та кетті. Адамдар дүкендерден қолға іліккеннің бәрін сатып алып жатты. Әсіресе, қолында артық ақшасы бар-лар мен сатушылар ең қат дүниелерді қап-қабымен алып кетті.

3 қаңтар күні Президент Н.Назарбаев “Бағаны ырықтандыру жөніндегі шаралар туралы” Жарлыққа қол қойды. Ресейдегі дүрбелең біздің елге де келіп жетті. Жарлық 6 қаңтар-дан бастап күшіне енгенімен дүкен сөрелерін жалаңаштау одан бұрын-ақ басталып кетті. Баға күн сайын өсетін жағдайға жетті. Президенттің тап-сырмасы бойынша нан өнімдерінің бағасын реттеуге күш салын-ды, барлық жерлерде азық-түлікті қарттар мен мүгедектерге, көп бала-лы отбасыларға, жалғызбалалыларға, табысы төмендерге мүмкіндігінше төмен бағамен сату жөніндегі ша-ралар қолданылды. Президент со-нымен бірге 12 қаңтарда “Бағаны ырықтандыру жағдайында халықты

әлеуметтік жағынан қорғау жөніндегі қосымша шаралар туралы” Жарлық шығарды. Бұл Жарлық бойынша нан өнімдеріне, халыққа пісірілетін нанның орнына сатылатын ұнға, сүтке және сүт өнімдеріне мемлекеттік реттемелі бағалар белгіленді.

1992 жылдың 2 наурызы Тәуелсіз Қазақстан тарихына айрықша күн бо-лып енді. Бұл күні өз жұмысын қайта бастаған БҰҰ Бас Ассамблеясының 46-сессиясы консенсус арқылы Қазақ-

Бас Ассамблеясының биік мінберінен халықаралық өзекті мәселелерге қа-тысты ұсыныстар білдіруге мүмкіндік алды.

Тәуелсіз тізгіні қолға енді тиген ел үшін, бәрінен бұрын жос-парлы экономикадан нарықтық экономикаға өту және бұрынғы эконо-микалық байланыстардың үзілуі жағдайында экономикалық реформа-ларды жүргізу аса қиынға соқты. Бұл тұста 1992 жылдың басында Елба-

калыптасуын қажет етті.

Мемлекеттік басқару құрылы-мындағы өзгерістердің бірі жергілікті атқарушы билік құрылымында орын алды. Қазақтың сөздік қорында бұрыннан бар, ерте орта ғасырлардағы жазба және ауыз әдебиеттерінде кездесетін “әкім” лауазымы тәуелсіз Қазақстанда қолданысқа қайтадан енгізіліп ғана қойған жоқ, жергілікті жоғары лауазымды билдіретін қызметке де айналды.

Аймақтарды басқарудың жаңа құрылымы – әкімдік институт 1992 жылы ақпанда Президент Жарлы-ғымен енгізіліп, еліміздің облыста-рына, Алматы қаласына, қалалар мен аудандарға әкімдер тағайындала бастады. Бұл басшылыққа бұрынғы облыстық, қалалық, аудандық партия комитетінің хатшылары мен облыс-тық халық депутаттары атқару ко-митеттерінің төрағаларымен, бұрын-нан танымал белгілі тұлғалармен, қайраткерлермен қатар, көпшілікке беймәлім, бірақ нарық экономика-сына тез бейімделген, меңгерген, өтпелі кезеңнің қиыншылығын жауапкершілікпен, сеніммен атқара алатын адамдар да тартылды.

Өтпелі кезеңнің алғашқы рефор-маларын жүргізудегі ауыртпалық ең алдымен ел Үкіметіне түсті. Тәуелсіз елдің атқарушы билігінің алғашқы басшысы С.А.Терешенко болды. 1991 жылы 15 қазанда Н.Назарбаевтың ұсынысымен А.С.Терешенконы Жо-ғарғы Кеңес Қазақстанның Премьер-министрі етіп сайлады. Алғашқы Үкіметке тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы бар ауыртпашылықты арқалауына тура келді. Бұл уақыт аса бір күрделі кезең еді. КСРО кезінде өнеркәсіп орындарының 93 пай-ызы одақтық үкіметке бағынды, министрліктің бәрі Мәскеудің бұйрықтары мен шешімдеріне сүйеніп жұмыс істеді. Сондықтан да тәуелсіз елдің алғашқы министрлері де не істеу керектігін білмей жатты. Үкіметті ең алдымен елдің экономикалық тәуелсіздігі болып табылатын –



станды Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше етіп қабылдады. Қазақстанмен бірге КСРО-ның бұрынғы жеті респу-бликасы және Сан-Марино Республи-касы БҰҰ-ға мүшелікке қабылданды. Қазақстан БҰҰ-ға 168-ші болып енді. Бұл күнгі тарихи оқиғаға Нью-Йорктегі қазақтар да шақырылды.

Қазақстан Республикасы Бірік-кен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамб-леясының 46-сессиясында Ұйымның жаңа мүшесі ретінде ғана емес, қазіргі заманның ең өзекті халықаралық про-блемалары бойынша белсенді пози-ция ұстанатын мемлекет ретінде де мүше болды. Осылайша, қазақ елі 1945 жылы 24 қазанда құрылған БҰҰ

сы Н.Назарбаевтың басшылығымен жасалған “Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы” еліміз тари-хындағы орташа мерзімге арналған тұңғыш жоспарлау тәжірибеміз бол-ды. Бұл 1990-1991 жылдардағы ала-сапыран кезеңдегі ойластырылмай жасалған шаралардан бас тартып, елдің даму жолын айқындап алып ойландыруға бағытталған алғашқы әрекет еді. Үш жылға арналған мемлекеттіліктің қалыптасуы мен даму стратегиясында алғашқы кезек-тегі маңызды міндеттерді шешу та-лап етілді. Аталған стратегия ең ал-дымен еліміздің мемлекет ретінде

ӘЛЕМ НАЗАРЫ – АПАТТЫ АЙМАҚТА

Ұзақ жылдар бойы КСРО-ның суармалы егіс аймағына қызмет көрсеткен Арал теңізі тартылып, сол аймақтағы халықпен денсаулығы, хал-жағдайы, тұрмыс-тіршілігі әлем назарын өзінше аударды. Осы жылдың наурыз айында Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің Арал өңірі халқы тіршілігінің әлеуметтік-экономикалық және экологиялық жағдайларын жасау жөніндегі шұғыл шаралар туралы қаулысы қабылданды. Онда КР Экономика жөніндегі мемлекеттік комитетіне екі ай мерзім ішінде Арал теңізін құтқару, тепе-теңдікті қалпына келтіру жөнінде “Арал-2006” бағдарламасын жетілдіру тапсырылды. Сонымен қатар, Арал аймағындағы аудан-дарда өндірістік және әлеуметтік мақсаттағы нысандар салу, су ысы-рабын азайту, оны аз қажет ететін дақылдарды егу, Арал теңізіне жіберілетін су көлемін ұлғайту, оның сапасына көңіл болу назарға алынды. Арал ауданының әкімі, КР-ның халық депутаты Бигали Ка-нопов үкімет делегациясының құрамында ірі ауқымдағы экологиялық апатты шешудің жолдарын қарастыратын, Арал теңізі мен Арал өңірі проблемасы жөніндегі халықаралық симпозиумға қатысу үшін Жапонияға іссапармен барып қайтты. Жапониядағы инфрақұрылым қоры өткен жылдан бастап, Арал теңізі қасіретін зерттеуге кіріскен-ді.

Құрамына Солтүстік Америка, Жапония, Еуропа елдерінің қорлары кірген бұл зерттеу қорының АҚШ-та өткен І конференциясында Арал теңізінің жобасы бойынша Кеңес құрылды. Ал 1992 жылдың қаңтар айында өткен конференция қорытындысымен Арал консор-циумы өмірге келді. Оған Орта Азияның 5 республикасы мен Рес-ей мүше болды, үкіметаралық үйлестіру кеңесі мен техникалық жұмыс тобы құрылды. Арал теңізінің жобасын жасау мен оны іске асыруға Бүкілдүниежүзілік Банк қызғушылық білдірді. Симопо-зиумда сөз алған аудан әкімі бірінші кезекте сол өңірде өмір сүріп жатқан халықтың тыныс-тіршілігін жақсарту қажеттігіне баса назар аударды. Жапонияның бір ірі компаниясы таңу жылдары Қызылорда облысының 10 елді мекеніне өз күшімен таза ауыз су жеткізіп беру-ге міндеттенді.

Елімізде жарты жылдың көлемінде Жоғарғы Үкімет тарапынан қабылданған 5 бірдей қаулы негізінде Арал қасіретіне ұшырағандарды есепке алу аяқталды. Құжатта экологиялық дағдарыстарға ұшыраған аймақтағы тұрғындарды ең алдымен ғылыми негізде нормаға сәйкес сапалы тамақпен, азық-түлікпен, ауыз сумен қамтамасыз ету баса айтылған. Арал аймағы үшін “Денсаулық” бағдарламасын жүзеге



асыру көзделді. Экологиялық қолайсыз аймақта өмір сүргені үшін қосымша еңбекке, зейнетке, жәрдемке мен студенттік степен-дія төленеді. Қосымша жеңілдіктер экономикалық апат аймағында 1,5, өзге өңірлерде 1,3 есе деңгейінде белгіленді. Сонымен қатар оларға дәрі-дәрмек сатып алуға, жылу, газ, электр қуатын жеңілдікпен төлеуге, тұрғын үй құрылысын салу үшін алған процентсіз несиеcінің тең жартысын төлеуге мүмкіндік жасалды.

● НАРЫҚ ПЕН ХАЛЫҚ

КУПОНДЫҚ ЖӘНЕ БАРТЕРЛІК ЖҮЙЕ ӨРІС АЛДЫ

Барлық жерде жекешелендіру жұмыстары жүргізілді. Аймақта бұл жұмысты рентабельділігі төмен, жылды зиянмен қорытындылап жүрген шаруашылықтардан бастау жөн деп табылды. Облыста өндірілген өнімдер, көкөністің өзіндік құны республикалық деңгейден едәуір жоғары болды. Ірі кара өсіретін 88 шаруашылықтың 47-сі, қой шаруашылығымен айналысатын 67-і шаруашылықтың жартысынан астамы шығымен жұмыс істеді. Өңірде ірі кара 6778 басқа, қой саны 104,8 мың басқа келді. Облыс орталығына 1 тоқсандан келген сүт өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 11 тоннаға азайды. Ауыл шаруашылығында ассоциа-ция құру көзделіп, сала кәсіпорындарының, жекешелердің жұмысын үйлестірудің, сұраныс пен ұсынысты зерттеп отырудың қажеттігі туындады. Аймақтағы ет, сүт комбинаттары мемлекеттік меншікке берілді.

Сыр өңірінде осы жылы 194 мемлекеттік меншік, 115 ұжымдық кәсіпорын, 47 жеке, 9 АҚ, 38 шаруа шаруашылығы, ауыл шаруашылығы кешенінде кооперативтер мен шағын кәсіпорындар жұмыс істеді.

Аймақтағы мекеме-кәсіпорындардың жабылуына орай ондағы еңбек еткендердің әрқайсысына еңбек өтіліне қарай жылына 400 купоннан белгіленіп, жинақ банкісінде купондық есебі ашылды. Олардың еңбек стажы 1991 жылдың 1 қыркүйегімен шектелді.

Облыстағы 31 кәсіпорнын бартерлік тәсілмен 3,5 тон-на күріш өткізген. Оған 13 млн 814 мың сомның халық тұтынатын тауарлары, со-нымен қатар цемент, әк, әйнек секілді құрылыс ма-териалдары, 2,3 млн сомға көкөніс, жеміс-жидек, мақта майы, ал 400 мың сомға түрлі ағаштар алынды.

Бағаның еркіне жіберілуі, өндірген өнімдерін бартерге ұсыну ауыл шаруашылығы саласына онай тиген жоқ. Республика Президентінің совхоздар мен колхоздардың өндірген ауыл шаруашылығы өнімдерін сату үшін сауда алаңдарының 10 пайы-зын болу жөніндегі Жарлығына сәйкес, облыс бойынша шаруашылықтар және агронеркәсіп кешен ұйымдарына 13 дүкен бөлінді.

Сонау 1974 жылы Аманкелді атындағы мамандандырылған тәжірибе шаруашылығы құрылып, оның басшылығына келгенім әлі есімде. Ауыл адамдары қоңырқай тіршілік кешеді, кеңшар бірыңғай қой шаруашылығымен, жазда жоңышқа, қауын-қарбыз егумен айналысады. Шаруашылық негізінен қоржын үйлерден құралған шағын ауылдардан тұратын, тіпті олардың көпшілігінде электр жарығы да жоқ еді.

ДҮРІЛДЕГЕН ШАРУАШЫЛЫҚ ЕДІ

Ғылыми-тәжірибе шаруашы-лығы болғаннан кейін барлық істі жоспарланған негізде жүргізу қажет болды. Ауылда мал тұқымын асыл-дандыру бағытындағы ғылыми орталық құрылды. Өзбекстан, Түр-кіменстан республикаларынан асылтұқымды қосқарлар әкелініп, сұр түсті қаракөл қойын өсіру қол-ға алынды. Оншақты жылдың көле-мінде шаруашылықтағы асылдан-дырылған сұр қаракөл қойының саны 40 мың басқа жеткізілді. Сол малдарды бағатын шопандардың жеке малдары да асылдандырыл-ды. Шынын айту керек, мұндай бағыттағы шаруашылық республи-ка бойынша біз ғана болатынбыз. Шаруашылық тікелей Ғылым Ака-

лар жергілікті тұқыммен араласты-рыла бағылып, бапталынды. Соны-мен қатар 1300 гектар жайылымдық жер инженерлік жүйеге келтіріліп, мәдени жайылым жасалды.

Ауылдың тұрмыс-тіршілігін жақсартудың түрлі шаралары қарас-тырылды. Мал бордақылау комп-лексі, түйіршіктелген жем (гра-нула) дайындайтын цех, тұқым сактайтын қойма, қаракөл өңдеу цехы, қаракөл елтірісінен бас киім, сырт киім, тон және пима тігетін цех ашылды. Тағы бір ерекше атап өтерлік жайт, ауыл шопандары-на арналып, «Шопан ата» емдеу-сауықтыру орталығы ашылды. Жан-жағы бау-бақшамен көмкерілген аймақта шопандар Жанақорғаннан



демиясына қарап, Мәскеу арқылы басқарылатын.

Оңтүстік Кореямен біріккен кәсіпорын ашылып, оған өңделген қаракөл елтірісін он есе жоғары бағаға өткізгенбіз. Яғни, өз елі-мізде 70 сом тұратын қаракөл елтірісі 650 сомға бағаланды. Бұл – көзбояушылық емес, біздің өнімнің сапалы әрі талапқа сай өңделгенін айқайтайды. Жоғарыдан бөлінген қаржы есебінен №49 жылжыма-лы механикалық құрылыс колонна-сы аз ғана уақытта ауылды адам та-нымастай өзгертті. Сыр өңіріндегі алғашқы коттежд үйлер біздің ау-ылда бой көтерген болатын.

Шаруашылықта тек қой түлігі ғана емес, жылқы, түйе, ірі кара тұқымдарын да асылданды-ру қолға алынды. Сол жылдың кеңшарда 650-дей спорттық және ет бағытындағы жылқы, 550-дей түйе бар-ды. Ірі кара тұқымын асылдандыруға ерекше көңіл қойдым. Жолсерік әрі-бері жүріп, біреуді іздейтіндей, өзінше сөйлеп қояды. Бір үлкен кісі “не болды?” деп сұраса “жана ашаман кетуге дағдыландық. Бірде қызық болды, қасымда базардағы бір танысым, 7-8 оқитын інім бар, жолға шықтық. Билет жоқ, жолсеріктер жолатпайды. Ретін тауып вагонға кірген інім ашық тұрған вагон терезесінен мені ішке тартып алды. Танысым да енді. Жол жүретін болғасын қалың киініп алғанбыз, ішке кірісімен сырт киімдерімді шешіп, бүктен қойдым. Жолсерік әрі-бері жүріп, біреуді іздейтіндей, өзінше сөйлеп қояды. Бір үлкен кісі “не болды?” деп сұраса “жана ғана терезелен бір кемпір кіріп еді, таппай қалдым” дейді. Біз іштей күліп отырмыз.

Сатылатын заттарымды көбейтіп, базардан орын алдым. Сөйтіп жүріп бес бөлмелі үй салдым. Ең бастысы, адамға іске деген құлшыныс, ынта керек. Сонда бәрі де болады.

Нұрман ЖҮНДАБЕКОВ,
Аманкелді тәжірибе шаруашылығының 1974-1993 жылдардағы директоры.

ДИАГНОСТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҚ ПЕН АУРУХАНА ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

Тәуелсіздіктің екінші жылы болып саналған 1992 жыл – ел өміріндегі елеулі оқиғалардың бастау алған кезеңі болып табылады. ҚР Министрлер кабинеті өзінің наурыз айындағы қаулысында Қызылорда облысында ал-дағы екі жыл көлемінде шетелдік “Басболгаркұрылыс” компаниясының күшімен көпсалалы 660 орындық ауру-хана мен ауысымында 1200 адам қаралатын емхана құрылысын бастауға, олармен есеп айырысу үшін 170 мың тонна мұнайды экспорттық жолмен сатуға лицензия беру-ге бұйрық берген-ді. Көп кешікпей шетелдік фирма белгіленген тәртіппен диагностикалық орталық құрылысын қарқынды бастады. Сонымен қатар облыс орталығында агроеркәсіп институты ашылып, ауыл шаруа-шылығы ғылыми-зерттеу инсти-туты өз алдына шаңырақ көтерді, “Оңтүстікмұнайгаз” дербес өндірістік бірлестігі облыс меншігіне өтіп, “Ай-дарлы”, Қазалы мамандандырылған шаруашылықтары республикалық бағыныстағы мекемеге айналды.

Тарих қойнауында қалған бұл



жыл Қазақстан мемлекетінің негізгі ұлттық нысандары – мемлекеттік Тудың, Елтаңбаның және Әнұранның қабылданған жылы болды.

Қызылорда облысының бүкіл тер-риториясы апат аймағы болып жария-ланды. Облыс орталығында Арал өңірі табиғи ортасының жағдайын бақылап отыратын гидрометбюро негізінде аймақтық гидрометеорологиялық ор-талығын құру жоспарланды. Сондай-ақ 1992-1994 жылдары облыста 877 шақырым су құбыры, 510 шақы-рымдық қыстақшілік және жергілікті су құбырлары тартылады. 11 мың гек-тар суармалы жер инженерлік жүйеге

келтіріліп, 40 шақырымдық жылу, 74 шақырым канализа-ция жүйелері іске қосылды. 155 мың шаршы метр тұрғын үй пайдаланылуға берілді.

Облыс аймағындағы “Құмкөл” кенішінің өнім бере бастағанына екі жыл болды. Қой жылы 1 млн. 200 мың тонна мұнай өндірілді. Оның 873 мың тоннасы мемлекеттік жоспарға, 143 мың тонна-сы шетелге қажетті құрал-жабдықтар алуға жұмсалса, 47 мың тонна мұнай Шым-кент мұнай өңдеу зауытына жіберілді. Қазіргі таңда ашы-

лып жатқан «Ақшабұлақ», «Арыс-құм», «Майбұлақ», «Қызылқия» ке-ніштері келешекте облыс экономика-сын дамытуға үлес қосатын болады.

Сыр өңірінде Мұстафа Шоқай қоры құрылып, заңды түрде тіркелді. Қор М.Шоқай өмірін зерттеп, мұрасын жинақтау, ғылыми-теориялық семи-нар өткізу, мұражай ашып, ескерткіш орнатуды жоспарлады.

Облыс орталығынан халық емшілігі үйі ашылды. Онда наукас жандарға алтын ине, сүлік салу, биоіріс қолдану арқылы көмектер беріле бастады.

Бетті дайындаған Жұмагүл ОРАЛБАЕВА.



ғана терезелен бір кемпір кіріп еді, таппай қалдым” дейді. Біз іштей күліп отырмыз.

Қарлыға ӘЖІМАШЕВА,
кала тұрғыны.

НЬЮ-ЙОРКТЕГІ ҚАЗАҚ ПОЛИЦЕЙІНІҢ ӘНГІМЕСІ

«Егемен Қазақстан» газетінің осы жылғы 25 ақпандағы санында «Нью-Йорктегі қазақ полицейі» деген тақырыппен жазылған мақала еріксіз назар аудартты.

Нью-Йорк қаласындағы полицейлік департаментінің офицері Данияр Нұртазаның отбасы бұдан 13 жыл бұрын АҚШ-қа қоныс аударған. Алғашқыда басқа елдің тыныс-тіршілігі көп қиындық келтірген. Жұмыс таңдамаған, әртүрлі кәсіпті жеңуге бел буган сынайлы.

Қазір Даниярдың отбасы түгелдей ағылшын тілін меңгерген, өздеріне жайлы пәтерде ата-анасы және інісі екеуі тұрып жатқанын әңгімелейді.

Журналист Даниярға: – Сіз жан-дүниенізде кімсіз? – деген сауал қойғанда: – Мен қазақпын. Бірде даишы болып жұмыс істеп жүргенімде екі ағайынды жігіттер мені іздеп келді. Олар менің Қазақстаниан екенімді біліп, құшақтап жылап жіберді. Бұл ағайынды жігіттер Қызылордадан келген еврей-лер екен. Олар АҚШ-қа он жасында келіпті. Туған үйіміз Қызылордада дейді. Өздері туып-өскен Қызылорда олар үшін туған ел, өз Отаны деп санайды. Манхэттеннің орталығында бизнеспен айналысалаы. Шаңдақты, шалшықты болса да Қызылорда оларға әлі ыстық көрінеді.

Басылымдағы бір беттік дүние маған үлкен әсер қалдырды. Асылы, қандай жырақта жүрсең де кіндік қаны тамған жер кімге де болса ыстық екен-ау деген ой келді.

Қайыр ҚОРАСАНИ.

● АДАМ ІСІМЕН КӨРІКТІ

Сіз Сейіл Жаппарбердиев есімді азаматты білесіз бе? Е-е, арагідік кездесіп, тілдескен боларсыз. Десе де, ол қарияның ой-шұқырына дейін қанықпнз дей алмайсыз. Өйткені, Сіз ұзақ жолда сапарлас, маң далада дастарқан жайғанда дәмдес болған жоқсыз. Солай ғой, ә-ә, солай!

суыт жүргінші

Рас, ол асығыс, тым суыт жүргінші. Мамандығы инженер-механик. Техниканың нешеме түрін – «Камаз» ба, «К-700» бе, қорапты машина ма, әлде жеңіл-желпі «Жигули» мен «Нива» ма, бәрін-бәрін ұршықша үйреді. Және рульге отырғанына жетпіс жылға жуықтаса да, Жаппарбердиев жол қозғалысының ережесін бұзыпты деген ақпарат еш жерде тіркелменпті. Қазір жасы 83-те. Қала ішінде «Жигулидің» ызғытса, сыртқа шықса «Газ-53» пен заулай-ды.

Қалай ә? Сейілмен серуенге шықсан, ештеңеден тарықпайсыз.

Қонарға көрпе-төсеніпші де, ішер асың да, шөл басар шайың да, кесе-шайнегің де, шанышқы-қасығың да, сұт-қаймағың да түп-түгел дәу чемоданынан табылады. Және жайдарлана күліп:

– Набат ханымның қолы алтын-ау! – деп өз жұбайын мақтап қоятыны да бар. Әлгі азық-түлік толы чемоданды сол сөзден кейін барып аша-ды. Солай демесе чемодан ашылмайды. Оны ерлі-зайыптылардың өзара құпия, сыйластық паролі болар-ау деп ұқтық.

Көрген-білгенін, не жаксы, не жаманын ішке бүгу деген Сейілде жоқ. Риясыз ашық көңілмен айтып салады. Бірде қыза-қыза келіп, теңізге шығып, жайып балығына қармақ тастағанын жария еткен-ді.

– Ау-у, оныңыз қалай? Су салқындағанда ұшпан тереңге кететін байғұсты аулаймын деп қайығыңыз аударылса қойтесіз? Өрі мұныңыз браконерлік, заңға да томпақтау ғой – десек.

– Ой-й, мен шалқар айылда балықша жүзетін, теңіз долданып ақ көбік шашса да айылын жимайтын кәсіпкіші теңізішінің ұрпағымын. Ал жайынға келсек, ол – хищник, ондай жалмауыздарды азайту керек, – деп қарап тұр.

Сол, суыт жүрісті Жаппарбердиевтің ана-у бір жылы ауданды шулатқаны бар. Сірә, 2007 жылдың қараша айы-ау деймін. Қала жұрты қысқа тамызық отыннан тарықты. Жакын маңдағы жыңғыл, дүзгін-бұталар оталып біткен. Осындай қысқашында Жаппарбердиевіз темір тұпқанын орғытып, сон-ау «Үлкен қаратүп тұмсығы» мен «Үш шоқы» жакқа өрлейді ғой. О жакта бұталы өсімдіктерлен жер қайысады. Тундра дерсіз. Ит тұмсығы батпайды. Шіріген, сынған, қисайғаны қаншама? Ал орманшылар болса, аяқ бастырмайды, жолатпайды. Орман және аңшылық шаруашылығы аумақтың басқарманын хатына сәйкес бұталы өсімдіктерді халыққа босату тоқтатылған дейді.

– Қалайша? Құм басып шіріп жатса да елге қимайсындар ма? – деп Сейілекен де беріспейді.

– Ағасы, өзіне керегін ал да тайып тұрыңыз. Жұртқа дабыра етпеніз,-дейді ақыра олар.

Ә-ә, шығарып салма қулыққа тоқтайтын Жаппарбердиев пе? Бөркемік, ыңжық біреу болса, «Е-е, дұрыс-ақ» деп қоя салар еді. Сейіл шалыңыз оқтаулы тұрған ақ мылтық емес пе? Дерев есіктен-есікке кіріп, әкімшілікті хабардар етті. Олар облыс әкіміне нақты дәлелді ұсыныспен шықты. Сөйтіп мәселе оң шешімін тапты.

Хо-ш, бұл істі ол солай тындырған-ды.

Бытыр, 2015 жылдың тамыз айында Жаппарбердиев тағы да бұйқыт дабыл қакты.

– Ио, Сәкесі-ау, не боп қалды?

– Теңіздің «Мергенсай» ауылы беттегі жағасына мына ағайынды Ермагамбетовтер бар, Сәндібеков және Шонтыбаевтар болып пішен оруға барғанбыз, – делі ол мән-жайды баяндап, – құрақ шөбіңіз жайқалып тұр. Өрі жакын. Қаладан 25-30 шақырымдай-ақ. Орақ сала бастап едік, мықтымысыған біреулер жетіп келіп: «Тоқтатыңдар, бұл ара біздің меншігіміз» - деп айқай шығарды. Ал теңіз жағалауын қуалай өскен пішенді бүкіл Арал халқы орса да тауыса алмайды. Сол шөпті біз Қазылардан шытырлаған ақиқаса сатып аламыз. Өзіміздегі барды пайдалана алмай, өзгеге тәуелді болуымыз қалай?!

Сұрақ дүрсе. Осы сұрақпен аудан әкімшілігіне бардық.

Ауыл шаруашылығы бөлімінің баспысымен түсінісіп, сол аймақты шөлып өттік. Бәрін ып-рәс. Қалың да, ұйыса біткен құрақ шөбіңіз: «Кел де, орып ала бер!» деп самал желге қосыла «әндетіп» тұр.

«Бәрі де әлемнің өзгеруі жайлы айтады. Бірақ ешкім өзін өзгертуді ойламайды» депті Л.Толстой жарықтық. Өрине, оны әртүрлі мағынада пайымдауға болар. Өйтсе де, біздің кейіпкеріміздің жасым ұлғайды деп, жұмсақ төсекте жатып алмай ширақтығына, жас жігіттен бекер шалттығына ылғи да іс үстінде болатынына қайран қаласың.

Ал енді біз қайтеміз? Өйтеуір таптаурын болған бір жол бар. Соған түсіп аламыз да тарта береміз, тарта береміз... Жан-жағымызға бұрылмаймыз да, зер салмаймыз да. Тау құлап жатса да мыңқ етпейміз-ау! Суыт жүргінші Жаппарберген баласы Сейілің олай емес, тіпті де олай емес. Ол отты, жалынды, сол от ұшқыны лаулаған жүргінші.

Лайым солай болғай!

Ш.ДӘРМАҒАМБЕТҰЛЫ,
дербес зейнеткер.
Арал қаласы.

ЖАНСАРЫҰЛПЫ ҚАРАКӨЗ БИ

ЖАНСАРЫҰЛЫ
ҚАРАКӨЗ БИ ӨЗІ
ӨМІР СҮРГЕН ҚОҒАМДА
ӘДІЛ ЖӘНЕ ШЕБЕР СӨЗДІң
ЗЕРГЕРІ, ОРАҚ ТІЛДІ, ОТ АУ-
ЫЗДЫ ҚОҒАМ ЖӘНЕ МЕМ-
ЛЕКЕТ ҚАЙРАТКЕРІ БОЛҒАН.
ЕЛ БІРЛІГІН, ТЫНЫШТЫҒЫН
САҚТАУҒА, РУЛАР АРАСЫНДАҒЫ
ДАУЛАРДЫ ҚАН ТӨГІССІЗ ШЕ-
ШУДЕ ӘДІЛ БИЛІК АЙТЫП,
ХАЛЫҚ ІШІНДЕ ҚҰРМЕТКЕ
ИЕ БОЛҒАН БИЛЕРДІң
БІРІ.



Қолда бар деректерге сүйенсек, он екі ата Байұлының Жаппас руынан тарайтын ол XVII

ғасырдың алғашқы ширегінде Сыр елінде дүниеге келген. Салқам Жәңгір мен Тәуке ханның заманында өмір сүріп, ел ішіндегі билікке ерте араласқан, халық арасында зор құрметке ие болған тұлға. Тәуке ханның тұсында қазақ халқының ата салтының сақталуына ерекше мән берілген. Қазақ халқының бірлігін нығайтып, шекарасын кеңейтіп, жоңғар басқыншыларынан қорғауға үлес қосқан билердің бірі – осы Қаракөз би.

Қаракөз бидің халқына деген қамқорлығы, елге деген сүйіспеншілігі, әділдіктің туын биік ұстағандығы жайында ауызша және жазбаша деректерден байқауға болады. Жер дауын, жесір дауын және тағы басқа тайпа-лар арасындағы даулардың әділ бағасын бере білген әділ би, заманындағы заңғар кісілердің бірі болып қазақ тарихында өз есімін қалдырды. Оның ортасында атақ-абыройы зор екендігі, діни сауатының барлығы, қажылық парызын өтеп қайтқандығы, сонымен қатар халыққа сөзі жүретін аузы дуалы болғандығы тарихтан белгілі десек, батырлығы, шешендігі,

көсемдігі, парасаттылығы кешегі заманнан бүгінге аңыз болып жетіп отыр.

Бірде Арқадағы Аккозы би Сыр бойында досы барын айтып, балалары Байғонды мен Жаубасарды түн ішінде аттандырып сәлем айтып жібереді. (Бұл оқиға кісі өліміне байланысты болуы керек). Осылайша Байғонды мен Жаубасар Қаракөз биге келіп паналайды. Бірде би ауылының жылқысын барымталап келгендерге қарсы Байғонды мен Жаубасар ерлікпен көзге түседі. Содан бастап екеуінің абыройы артып, елге танымал бола бастайды. Қаракөз би екі жігіттің бұл ерлігіне ризашылығын білдіріп, халықтың басын жиып Жаппас – бес аталы ел еді, енді алты аталы ел болсын» - деп батасын беріпті.

Тәуке ханның тұсында Жаппас рулары Жоңғар шапқыншылығында ерлік көрсетіп, көшіп-қонып жүргендігі жайында М.Тынышбаевтың жазбаларынан білуге болады. 1643 жылы Жетісу өлкесіне басып кірген жоңғарларға қарсы шайқасып жатқан Салқам Жәңгірге (Орбұлақ шайқасы) көмекке барған Сыр елінің перзенті Жалантос баһадүр мен Жаппастың Құрманай ұрпағынан тарайтын

Маркасқа, Жиёмбет, Жолымбет бастаған батырлар ұрпақтарының азаттығы үшін күресті. Тарихшылар Маркасқа батыр бірқатар шайқастарда асқан ерлік көрсетті деп жазды.

Қазақ халқының алғашқы тарихшысы М.Тынышбаев еңбектерінде Қаракөз бидің Тәуке ханның замандасы және әділ билерінің бірі болғандығы жайында жазады. Қаракөз Жансарыұлы Өзбекстанның Ангрен төңірегіндегі қазақ хандары мен сұлтандары, билері, батырларының жаны жай тапқан зиратта жерленген. Енді Қаракөз бидің кейбір ұрпақтарын атап өтейін.

Құлжабай би шамамен XIX ғасырдың 30-40 жылдарында өмір сүрген. Құлжабай Тәйікұлы жастайынан атасы Жанқожаның тәрбиесінде болып, ауыз екі әңгімелер мен жырларға сусындап өседі. Ауыл молдасынан хат танып, шешендігімен, тапқырлығымен көзге түседі. Құлжабай би мен Абай Құнанбайұлының кездескендігі жайында әңгімелер тараған. Абай Құлжабайға сізді өлеңшіл дейді, дүние жаратылысты қалай сипаттар едіңіз дегенде:

Тоғыз ай, тоғыз күндей,
Анамның құрсағына бердің жайды,
Көрсетпей асырадың күн мен айды.
Ақылы мен зейіні жеткен адам
Дүние, байлықты ойлап қайғырмайды.
Қайғыдан кісі өлмейді, естен танар,
Аузынан түгін шықпас, ішін жанар,
Құнаннан кеш батқанын білмей қалар, - дегенде Абай акын Құлжабайға ризашылығын білдірген екен.

Қаракөз би ұрпақтарының бірі – Жаңғабыл батыр Төлегенұлы 1805 жылы туып, 1840 жылдан билікке араласа бастаған. Орынбор шекара комиссиясымен қарым-қатынаста болған. Ағасы Алтыбай бидің ауылын шапқан Кенесары Қасымұлына қарсы шыққан. 1844 жылы Жаппас руынан салық жинауға келген Наурызбай батыр бастаған 100 адамдық жасаққа түн ішінде тұтқиялдан шабуыл жасаған. Осыдан кейін Кенесары хан бастаған жасақ Сыр елінен Арқа жеріне ат басын бұрса керек-ті.

Қаракөз бидің Құрманай аталығынан тарайтын ұрпақтарының бірі – Кеншінбай акын

Қабанұлы 1865 жылы Кілем жайған (қазіргі Қызылжарма) ауылында туып, 1925 жылы Торғайда қайтыс болған. Тура да әділ болған ол сол кездегі паракор билер мен болыстардың теріс қылықтарын бетке айтып отырған. Оның көптеген айтыстары бізге дейін жетпеген. Солардың бірі – найман Сара қызбен айтысы. 1890 жылы Ыртысы мен он алты ақынның айтысына қатысқан. Кеншінбай ақынның даңқын шығарған Жағалбайлының ақын қызы Ақсұлумен айтысы. Осы айтыста Ақсұлуға өзін төмендегідей таныстырған:

Мен емес бос сөз айтып мақтанатын,
Біреуден қорқып, асып сақтанатын.
Бәйгедең озып жүрген наз бедеумін,
Көңіліне жабығардай дақ салмайтын.
Ішінде Қаракөздің Құрманайым,
Бес Жаппас Сыр бойында бар-ды халқым.
Тең құрбым өнерімен тең келмеген,
Бұл жакқа жеткен жоқ па менің даңқым.
Кеншінбай ақынның жүзден жүйірік ақындығы туралы Қуаныш Баймағанбетов ақын былай деген:

Кеншінбай – кені жырдың өткен Сырда,
Айтысқан Ақсұлу қызбен бұл да.
Тек қана Сырдың бойын айтып тұрмын,
Өтпесе де, жоқ демеімің ақын қыра.

Қорыта келгенде, Қаракөз бидің ұрпақтары Қазақстанның барлық облыстарына таралған. Қаракөз Жансарыұлының қазақ жерінің тұтастығын сақтауға қосқан үлесі, артында қалатырған асыл сөздері ұрпақтарына өнеге, асыл мұра.

Қаракөз би Сыр елінің данасы еді,
Қазақтың Жаппас ата баласы еді.
Тәуке хан, Салқам Жәңгір замандасы,
Халқының сол заманда қамын жеді.

Іздейтін даналарын заман келді,
Тарихта аты оның өшпес енді.
Ұрпағы кеш болса да тағзым етер,
Қажы Қаракөз биге енді.

Сайлау НҮРСЕЙІТОВ,
еңбек ардагері.
Қызылорда қаласы.

● КОНФЕРЕНЦИЯ

АРДАГЕРДІҢ ТӘЖІРІБЕСІ МЕН АҚЫЛЫ ҮЛГІ

Аптаның сәрсенбісі күні А.Тоқмағанбетов атындағы қалалық мәдениет үйінде облыстық ардагерлер ұйымының кезекті VII конференциясы болып өтті. Оған “Нұр Отан” партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Н.Байқадамов, аудандық, қалалық ардагерлер кеңесінің басшылары, пленум мүшелері, БАҚ өкілдері қатысты. Ұйымның екі конференция аралығында атқарған жұмыстары жайлы облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сейілбек Шаухаманов баяндама жасады.

– Уақыт, тарих табылдарығын аттап өткен 2015 жыл тарихи, тағылымды, мерекелі, берекелі жыл болды. Халқымыздың 550 жылдығын, Ұлы Жеңістің 70 жылдығын, Ассамблеямыз бен Ата Заңымыздың 20 жылдықтары айрықша салтанатпен атап өттік, – делі баяндамашы. – Бұл тарихи мерекелердің елдің есінде қаларлықтай тағылымды, табысты өтуіне еліміздің иесі де, киесі де болып жүрген қадірменді қарттарымыздың, ауялы ардагерлеріміздің қосқан үлесі айрықша. Ардагерлер ұйымдары өзінің 30 жылға жуық тарихында елдің, халықтың сөзін сөйлейтін, мұның мұңдайтын, жоғын жоқтайтын жана-шыр, тегерінді, белсенді де беделді қоғамдық күшке айналды. Есеп беріліп отырған бес жыл уақытта облысымызда ардагерлер саны 52 мыңнан 64 мыңға, бастауыш ардагерлер ұйымының саны 670-тен 724-ке жетті.

Есеп беріліп отырылған мерзімде облыстық ардагерлер кеңесінің бес рет пленумы, 20 рет алқа мәжілісі өтті. Онда облыс ардагерлері ұйымдарының алдында тұрған өзекті, өткір, өміршен мәселелер қаралып, тиісті шешімдер қабылданды, оларды нәтижелі іске асыру назарда болды. Ардагерлер арасында жүйелі түрде жыл сайын спорттың әр түрінен жарыстар өткізу дәстүрге айналған. Екі конференция аралығында тоғызқұмалақтан, шахматтан, балық аулаудан, бильярдтан, аналар арасында дойбыдан облыстық жарыстар өткізілді. Жөнімпаздарға, барлық жарысқа қатысушыларға арнайы сый-сияпаттар жасалып, марапатталды.

2011-2015 жылдары «Ақындар мұшайрасы», «Ғасыр ғұмыр – гирбаты» салтанатты шаралары, «Қарттардың да өнерге бар таласы», «Қайран ерлер, қаһарман ардагерлері», «Жүзі бөлек, жүрегі бір, өнер ортақ» атты облыстық фестивальдер өткізілді. Бұл мәдени, рухани шараларға облысымыздан жүз-деген өнерпаз ардагерлер қатысып, өнер сайысының жүздерлері анықталып, олар арнайы сыйлықтармен марапатталды, барлық қатысушыларға ынталандыру сыйлықтары, облыстық ардагерлер кеңесінің Алғыс хаттары тапсырылды.

2012 жылы Сыр елінің 27 азаматы 100-ге келіп, олардың өзгертi, өмiр жолдары «Ғасыр ғұмыр – гiрбатты» айдарымен облыстық теледидар арқылы, «Сыр бойы», «Сыр ардагері» газеттерi бетiнде жыл бойы насихатталып, қорытындысымен «Көп жасаның» кітабы шығарылып, бейнефильмдер жасалды.

2015 жылы Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай облыста «Қайран ерлер, қаһарман ардагерлер» атты өнер фестивалі өтті. Өнер фестиваліне аудандар мен қаладан 10 номинация бойынша 300-ел ардагер қатысты.

Өткен жылы Астана қаласында осы шараның қорытындысы шығарылып, гала-концерт берілді. Сыр өңірі ардагерлері республикалық байқау фестивальдері 2-орынды иеленді. Облыстық фестивальдің 6 жеңімпазы 5 номина-

ция бойынша республикалық байқаудың жүздері атанды. Облыста өткен жылы Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығы аясында «Жүзі бөлек, жүрегі бір, өнер ортақ» атты өзге ұлт өкілдерінің өнер фестивалі өтті. Өнер фестиваліне қала мен аудандардан 70-тей өнерпаз ардагер қатысып, олар 3 номинация бойынша бақ сынасты. Бұл фестивальдің өзінің тәрбиелік, тағылымдық маңыздылығымен елдің есінде қалары сөзсіз.

Облыстық ардагерлер кеңесінің VI-VII конференциялары аралығында Жалағаш, Қармақшы, Жанакорған,



Шіелі, Сырдария аудандарында облыс ардагерлер ұйымдарының тәжірибе алмасу семинар-кеңестері болып өтті. Сондай-ақ, салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында спартакиада, үш ұрпақтың қатысуымен түрлі спорттық жарыстар, «дөңгелек үстел», сұрақ-жауап сайыстары болып, театрландырылған көріністер көрсетілді. Қазақтың тәрбиелік мәні зор әдет-ғұрып, салт-сана дәстүрлерін жана заманның талаптарына сай халықтың санасына сіңіріп, тұрмысына енгізу мақсатында «Ат қою», «Бесікке салу», «Тұсақесер», «Құда түсу», «Қымызмұрындық», «Он үште – отау иесі» сияқты шаралар ұйымдастырылып, көрсетілді. Он жылдан бері өткізіліп келе жатқан осындай семинарлардың облыс ардагерлер ұйымының бүгінгі көл жеткізіп отырған дәрежесі мен деңгейінің негізгі қозғаушы күші болғандығын ашып айтуымыз керек.

Өткен жылдың тамыз-желтоқсан айларында бастауыш ардагерлер ұйымдарының есеп-беру сайлау жылыналыстары, аудандық, қалалық ардагерлер ұйымдарының конференциялары өткізілді. Облыс бойынша есеп-беру сайлау жиналыстары мен конференциялар ұйымшылдықпен өткізілді. Есеп-беру сайлау жиналыстарының бары-

сында 724 бастауыш ардагер ұйымдары төрағаларының 112-сі жаңадан сайланды. Сапалық құрамы жақсарып, оларды тұрақтандыру бағытында бірқатар оң өзгерістерге қол жеткізілді.

Баяндамашы атап өткеніндей, ұйым жұмысы жақсаруының негізгі себебі мемлекеттің қоғамдық ұйымдар, облыс басшысының қала, аудан әкімдерінің, ұжым, сала мемлекеттік органдар басшыларының қолдауы, қамқорлығы мен нақты көмегінің арқасында болып отырғандығы баршаға аян. Сонымен қатар, баяндамашы ішкі саясат, ішкі істер, әскери комиссариат, теміржол,

қадірлеген қасиетті өңір» атты тамаша кітап шығарылып, қонақтарға, облыс ардагерлеріне сыйға тартылды. Осы семинардың шапағатымен Сыр өңіріне айына екі рет «Ардагер айнасы» республикалық газеті шығарылып келеді.

Есеп беріліп отырылған бес жылдың ең басты, айыпқты оқиғасы бүкіл әлемнің назарын аударып, ел болып, халық болып мәнді, мағыналы, салтанатты жағдайда тойланған Ұлы Жеңістің 70 жылдық мерекесі болды.

Өткен жыл соғыс ардагерлерінің жылы болып жарияланды. Біріншіден, Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен мүгедектеріне олардың жесірлеріне, қондлагерде болғандарға, жанқиярлық еңбегі мен мінсіз қызметі үшін орден-медальдармен нағрадалтқандарға, соғыс кезінде кемінде алты ай қызмет еткен адамдарға барлығы 7500-елі азаматқа бір жолғы әлеуметтік жәрдем көрсету

сың» ашып, оған соғыста қайтыс болған қызылордалықтардың тізбін түгелдей мәрмәр тасқа жазу мәселесі болатын.

«Даңқ аллеясының» жоба-сметалық документтерін дайындауға облыстық бюджеттен қала әкімдігіне 5,5 млн теңге бөлініп, құжат дайындалды. Қолайлы қаржылық жағдай туған уақытта, бұл аса маңызды іс бірінші кезекте қолға алынады.

Облыс ардагерлер ұйымдарының негізгі міндеттерінің бірі ардагерлерге әлеуметтік қолдау көрсетіп, нақты материалдық көмек ұйымдастыру болып табылады.

Соғис, жыл және еңбек ардагерлері, Ауған, Семей, Чернобыль апатынан зардап шеккендер коммуналдық төлемдерден толық босатылды. 2011 жылдан бастап 2015 жылға дейін «Игілік» қоры мен демеушілердің есебінен ардагерлердің дендерін сауықтыру мақсатында шипажайларға жергілікті, республикалық бюджеттің есебінен жылыма-жыл 600-1200 жолдама бөлінді.

Қазіргі дағдырыс кезеңінде тұрмысы төмен отбасылары, ардагерлерлі алаңдастыртырған ең өзекті, өткір, өміршен мәселе басқасын былай қойғанда азық-түлік пен дәрі-дәрмекке деген қолжетімсіздік. Осы мақсатта жуырда Қызылорда қаласында «Мейірімді Қызылорда» қоғамдық қоры құрылды. Қордың ұйымдастырушысы «Жүрек жылуымен» акциясы өткізілді. Осы акцияның аясында 15 млн теңгені құрайтын азық-түлік және басқа да қажетті заттар тұрмысы төмен 1200 отбасына таратылды.

Баяндамашы тағлылауға Жанакорған аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Зинабдин Шермағанбетов, облыстық жұмыспен қамтулы үйіестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Алтын Ескераева, Қазалы аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оразғали Бекбанов, Н.Лиясов ауылы ардагерлер кеңесінің төрағасы Төреғали Жұмабекұлы, Арал аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Кішкене Айбосынов, Қармақшы аудандық білім бөлімі ардагерлер кеңесінің төрайымы Талмаш Жұмабаева, Жалағаш кенті ардагерлер кеңесінің төрағасы Біржан Қоштаев, «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Наурызбай Байқадамов, халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы облыстық филиалының төрағасы Садуақас Аңсар, Байқоңыр қаласы ар



Жасың жерортадан асып, енді егделікке бетбұрған тұста кісіні әрқилы ойлар билейді екен. Күні кешелері сөзің жарасып, қалжыңдасып қатар жүрген тұстастарыңды түгелдегендей боласың. Тұз-дәмі таусылып, ана дүниеге қоныс аударғандарды елжіреп еске аласың. Өзіңнен жасы кішілердің ертелі-кеш жер қойнына жеткеніне ішің уылжиды. Сондай-сондайда алдыңғы толқын ағаларға қарап жаныңды жұбатады екенсің. Ағалар жайлы айтқанда олардың да сексеннің сеңгіріне иек асқандары азын-аулақ. Ал торқалы тоқсанға ту тіккендері, біз білерде, саусаққа салып санарлықтай ғана. Аймағымыздағы тоқсанды торығандардың ішінде қаламын қару етіп, шығармашылықпен айналысқан жан біреу-ақ. Ол – Шайхислам Серікбайұлы. Ендігі әңгіме сол кісі туралы.

кешкен сан-сапалақ жайлардың қайсысын ауызға аларын білмей, аңтарығандай жайы бар. Өлден уақытта жаңағы жадырағандай болып:

– Елбасына бата берген сәтім ойыма оралып отырғаны, – деді.

– Соны айтыңыз, – дедім мен. – Бұл 1995 жылдың сәуір айының он бесі күні болатын. Елбасы ресми сапармен Қызылордаға келді. Қасында қаптаған ресми кісілер. Біздің естугімізше, республикада президент өкілдігіне байланысты референдум өткізілмекші. Сағат күндізгі бір жарым шамасында қалың Орталық алаңға көп жиналды. Сол күннің ішінде біз де тұрмыз. Бір кезде ашық машинадан Нұрсұлтан Әбішұлы түсті. Қасында республика премьер-министрінің орынбасары А.Есімов, Қызылорда облысының әкімі Е.Шаухманов бар. Елбасы машинадан түсе сала өзі күтіп тұрғандармен қол алысып, жылы шыршаймен амандаса бастады. Ол кісі біздің тұсымызға жақындай бергенде облыс әкімі маған:

– Шөке, Нұрсұлтан Әбішұлына бата беріңізші, сіз бата беруді білесіз ғой, – деді. Мен:

– Президентпен кездесіп, тілдесіп қалу оңай емес, алдымен аз да болса өз ойымды айтуға болатын шығар, – дедім.

– Менің сөзімді Елбасы естіп қалғандай екен, қол алысып тұрып:

– Айтыңыз, айтыңыз, тыңдаймыз, – деді. Мен:

– Нұрсұлтан Әбішұлы, сонау сұраныл соғасы жылдарында бронмен қалып, әскерге алынбай тылда еңбек еткен теміржолшыларға ешқандай жеңілдік болмай тұр. Ал олардың қатары сиреп барады, бұған не дейсіз? – дедім.

– Сонда Елбасы:

– Бұл мәселемен бешідің жігіттер айналысып жатыр, өң шешімін тауып қалар, – деген еді. Осы кезде облыс әкімі:

– Нұрсұлтан Әбішұлы, бұл кісіден бата алуға болады, пайғамбардың тікелей ұрпағы, – деп қалды.

Сол кезде Елбасы мені екі қолымен ұстап, жылы шыршаймен жүзіме қарады. Мен: – Жолыңыз болсын, қызметіңізге абырой тілеймін, денсаулығыңыз мықты болсын, – деп қысқаша білген батамды бағыштаған едім...

Содан бері де жиырма жылдан астам уақыт өтті. Кезінде Елбасына бата бергенімді мақтаныш етемін. Ол жайлы айтып та, жазып та жүрмін. Ал бүгін сөзі түсіп саған айтып отырмын. Елбасына байланысты әңгіме

барысында Шөкең жаны жадырай, жабыла түскендей еді. Енді шабыс тілеген шабандоздай шиыршық атып, жаңа бір оқиғаны ойға алғандай болатын. Неге екені белгісіз, кенет ойында өзгеріс болды ма, кім білсін, салқын тартқандай сынай сезілді.

Есіме көңіліздеу жағдай оралып отырғаны, – деді де, онысын маған мақұлдаптай бастап та кетті. Ана бір жылы Қызылордадағы Н.Бексезанов атындағы театрда үлкен жыын өтті, – деп аз іркілді де, сөзін әрі жалғастырды. – Онда Арал теңізінің тағдырына байланысты мәселе қаралды және қала әкімінің 2003 жылдың қорытындыларына орай есебі тыңдалды. Жыынға қатысқан облыс әкімі (атын атап, түсін түстемей-ақ қойың) бізді қайран қалдыратындай ұсыныс жасады. Онысы Арал аймағына қатысты. Қысқаша қайырмағанда, оның сөзінің мазмұны мынаған саяды. Арал апат аймағы деген ауыр сөз. Сырттағылар апат аймағында өмір сүріп жатқан біздерге де, біздің аймақта өндірілген өнімдерге де күмәндана қарайды. Сондықтан апат аймағы дегеннен арылуымыз керек. Ол осы сияқты пікірлерін әртүрлі аргументтер айтп, тиянақтай түскенді білді.

Облыс басшысының сөзі маған оқстан оқ атқандай әсер етті. Шыдамсызданым сөз алып, төрт-бес минуттай өз ойымды ашық айттым.

– Арал апат аймағы дегеннен шығады. 1993 жылдың наурыз айының 24-25 күндері Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев осы Қызылордада бес мемлекет басшыларының басын қосып, үлкен жыын өткізді. Мен соған қатысқан ардагердің бірімін.

Сонымен Арал апат аймағына, Арал теңізі тағдырына арналып қор қурылды. Басқосуға қатысқан мемлекет басшылары өз мемлекетінің жылдық табысының бір пайызын сол қорға қоспашы болды. Ол шара іске асты да. Қорға қомақты қаржы құйылғанын естіп те жатырмыз. Бұған қоса дүние жүзінің бірнеше мемлекеттері, ғалымдары, Біріккен Ұлттар Ұйымы Арал аймағына айырықша назар аударып отыр. Ол жөнінде кезінде үкімет арнайы шешім де шығарды. Осының баршысын белінен басып, Арал апат аймағы емес деп байбалам жасайтындай не болды сонша?! Осы тәрзіді ой-пікірлерімді нақты дәлел, дәйектермен жалғастырып, сонында әкімнің бұл ұсынысы жергілікті халыққа жаны ашитын азаматтың аузынан шығатын сөз емес деп айтып салдым.

Соңғы сөзім ауырлау тиді-ау деймін, әкімнің түсі бұзылып, қозғалғандай берді. Осы тұста мен Шөкеңнің сөзін бөліп:

– Сол соңғы ауырлау айтылған сөзіңіз

үшін кейін өкінген жосқыз ба? – дедім.

– Ау, несіне өкінейін, – деп Шөкең ширатыла түсті. – Мен онда жеке басымның шаруасын айтқаным жоқ. Айтсам, Арал аймағындағы халықтың мұқтажын айттым. Өріне, әкімнің столын, лауазымын сыйлаймын. Бірақ мынадай артық кетіп, бұра тартқанына көне алмаймын. Қысқасы, ақиқат бәріннен де ардақты. Гректің ұлы ойшылдарының бірі Сократ “Платон мой друг, но истина дороже всех” деген ғой, – деп Шөкең сөзінің сонын орысша қайырды.

Ал енді осы Шөкеңнің орысшасы мен қазақшасы бірдей. Қазақша қалай айтса, орысша да солай айтады. Қазақша қалай жазса, орысша да солай жазалды. Оның бізді қайран қалдыратын да осы

Пысықтап біліп анықтай.

Білім деген мұхиттай. Қосылар оған тарау көп, Әму, Сыр, Еділ, Жайықтай. Оқушы аншы секілді Жайып торын, олжа алған, Суда жүзген қайықтай. Коммунистік тәрбие алып жасыннан, Қызмет ет адал халыққа-ай!...

Бұл жерде мәселе өлеңнің сапасында емес, оның менің бала жүрегіме әсер етуінде деп білемін. Өкініштісі, ол кісі Отан соғысына қатысып, қаза тапты...

Шөкең аз іркіліп, тыныс созды, сонан соң маған назарын аударып:

– Әскержан, айта берсе, әңгіме көп, осымен шектелейін, – деді де әлдене есіне түскендей болып, – жаңа сен мына

айтқандай, қызмет бабы мен отбасының кам-қарекетінен қол босаған кезде ғана аттың жалында, түйенің қомында дегендей жазу-сызуға екінші кезекте мән бердік. Жалындаған жастық шағымыз, күш-қайратымыз қайнап тұрған кезіміз солайша жыландай жылжып өте шықты емес пе? Қанша дегенмен ес жиып, еңбек демалысына шыққаннан кейінгі шабыт шаруы жігіт кездегідей қайдан болсын...

Осы тұста Шөкең мені тоқтатып, басу айтты:

– Токсанға келген мен торығып отырғаным жоқ, Әскержан-ау, жепістігі сенікі не?! Ондайды қой, қамшының бас. Өлең-жырларын жақсы ғой, шыққан шығармашылық биігіңнен төмен-деме, қайта шырақтай тұс, – деп мені жігерлендіргендей, қайраққа салып қайрағандай болды.

Екі егде кісінің бір-бірін жұбатқаны есімізге түсіп, күліп жатырмыз. Не болғанда да мұңдасқандай, сырласқандай кездесу болды бұл.

Ендігі сәт екеуара әңгіменің бағытын басқа жаққа бұрғандай болып:

– Шөке, енді үкіметтен, қоғамнан, ортадан көрген құрмет, марапаттарыңыз, сосын отбасыңыз жайлы қозғанышы, – дедім.

Ол аз-кем ойланғандай болып барып: – Нағрадалар жөнінде айтып отырсың ғой, – деді. – Аты атан жыққандай марапатқа ие болғаным жоқ. Деседі, кезінде Казак ССР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталдым, одақтық, облыстық партиялық, кенестік органдардың мақтау грамоталарын алдым. Облыстық кенестің депутаты болып сайландым. Республикалық “Иман” сыйлығының, Журналистер одағы сыйлығының негерімін, КСРО-ның құрметті теміржолшысымын, Қызылорда облысының құрметті қайраткері, Қазалы ауданының құрметті азаматымын. Ол:

– Алыс жеті отасқан зайыбым – Ұрада Әбішқызы осыдан екі жыл бұрын қайтыс болды. Артында Сәуле, Зәуре, Айна атты үш қыз бен Асылхан, Әділхан атты екі ұлы мен немерелері қалды. Қыздар тұрмыста, үйлі-баранды. Үлкен ұлым – Асылхан теміржол институтын бітірген, қол бойында ревизор болып істейді, кіші ұлым – Әділхан Астана қаласында ауданаралық соттын судьясы. Назарымды қалдырған немерелер бар. Шүкір, шүкіршілік қой.

Осымен журналист-жазушы Шайхислам Серікбайұлымен сұхбатымыз аяқталғандай аныс аңғартқандай еді. Шөкең соны сезгендей болып:

– Әскержан, келгенің жақсы болды. Біраз жайдың басын шалып, әңгіме-дүкен құрып, жеңілдеп қалдым. Мен болсам торқалы тоқсанға аяқ салып отырмын. Осынау жылдарда көп жағдайлар бастан өтті. Қиындықтар да, қызықшылықтар да көрдік. Бұрынғылар “Өмір дегенің қамшының сабындай” деуші еді. Сол рас екен, зулап өтіп барады. Ұлғайғандық болар, бұрынғыдай шақырған жерлерге де көп аса бара бермеймін. Көбіне үйде боламын. Тірінің тіршілігі таусылған ба, үл мен келін жұмыстарына, немерелер оқуларына кетеді. Сондай үйде жалғыз қалғандағы қайрылатын қаруым – қаламым. Ойыма келген, сезімдімі серпіткен жайларды қағазға түсіре беремін. Ол өлең бе, қарасөз бе, бөрібір маған. Бұны қысқаша “Токсандағының толғауы” десе де болады. Ара-арасында, әріне, кітап, газет оқимын, теледиар көремін. Қорыта айтқанда, қолдан келсе, жаратушы қолдаса, ажал дегенге әзір берілгіп жоқ...

Шөкеңнің мына сөзіне қосыла күліп, қоштасқанды жатырмыз. Сырт киімді киер тұста маған бір ой келді.

– Шөке, Елбасына кезінде бата берген қасиетті кісісіз ғой, маған да тілек бағытшаныңыз, – дедім.

– Жай қолыңды, – деді Шөкең. – Жаратушы менің жасымды берсін саған, торқалы тоқсанға жет. Ұл-қызының, ұрпағының қызығын көр. Ең бастысы, шығармашылығың шыңдала берсін, ел-жұртыңның абыройына бөлене бер, – деді. – Аумин, айтқаныңыз келсін, – дедім мен.

Әскербек РАХЫМБЕКҰЛЫ.

АУЫЛ АЗАМАТЫ

Аймағымыздағы мал шаруашылығының өркендеуіне сүбелі үлес қосқан азаматтардың бірі – Мұхамедәли Абылайұлы. Ол 1939 жылы қазіргі Мұстафа Шоқай ауылында дүниеге келген. Абылай молданың баласы ауылдан 8 шақырым жердегі Орджиникидзе атындағы мектепке қатынап оқып, үздік тәмамдады.

Жастық шағында анасынан айырылған Мұхамедәли ертерек еңбекке араласып, әкесіне қолғабыс етті. Өңірдегі түйе және қой шаруашылығының ілгерідеуі жолында алдыңғы буын ағалары Әбдірахман, Әбдуәлилермен бірлесе жұмыс жасайды. Ол кезде қазіргідей автокөлік жоқ, ауылдың барлық жұмысы түйе арбамен атқарылатын. Сондықтан ауыл жастары техника тілін меңгеруге құштар еді.

Туған жерде қиын күндерді басынан өткерген ол Қызылорда қаласындағы Түменбай ағасының үйінен қатынап оқып, автокөлік жүргізушісі куәлігін алады. Көпті көрген Мұхамедәли ағасы мен жеңгесіне қолғабыс етті. Сол үйден Отан алдындағы борышын өтеуге әскерге аттанды. Әскерден оралған соң, Қызылорда қаласының тұрғыны Ұлмекенмен шаңырақ құрады. Ұлмекен апамыз екеуі үш ұл, екі қызды өмірге әкелді. Ағамыз қырық жасқа таяғанда құбайы Ұлмекен өмірден өтті. Ардақты әке балаларын ешкімге тәуелді етпей, осы күнге аман-есен жеткізді.

Мұхамедәли еңбек жолын автокөлік жүргізуден бастап, зейнет басына шыққанша осы жұмысты өзіне өмірлік серік етті. Отбасында балаларының қамқоршысы бола жүріп, жұмысқа да жауапкершілікпен қарады. Бес баланы бағып-қаққан ағамыз ағайындарына қарасуды да назардан тыс қалдырған емес. Атадан жеті ұл, төрт қыз өрбісе, солардың әрқайсысының үйі болып кетуіне ағайынң еңбегі зор. Өз отбасынан артылған дүниелерді солардың жағдайының жақсаруы жолына жұмсайтын. Қолда қомақты дүниесі болмаса да, ауызбіршілікпен іс бастап, артындағы бауырларына ақылын айтып отырды. Осылайша әрқайсысын бір-бір шаңырақтың иесі етті.

Жұмысқа да, отбасы тірлігіне де ыждағаттылықпен қарайтын ағамыз ұлттық тәрбиеге аса мән беретін. Өсе келе балаларына да еліне адал қызмет етуді оғисет етті. Бүгін бір әулеттің ақилшысына айналған атпал азамат өскелең ұрпаққа кеңес беруден жалыққан емес. Әулет шежіресін де ауыл ақсақалдарынан жазып алып қалыпты. Мұхамедәлидің өзі дүниеден өтсе де, өмір жолы кейінгіге өнеге. Балалары үйлі-баранды, бүгінде он немересі бар. Бауыры Мұхамедия Абылайұлы мен келіні Әлия ағаларының көзі тірісінде жасаған жақсылықтарын айтып, еске алып тұрады. Әулеттің үлкені болып, бауырларына бас-көз болған, оларды үлкен өмірге жеткізген еңбегі ағайынның көз алдында. Ауылдың алғашқы жүргізушісі болып, Сарысу мен Телікөлдi шарлап, малшы ауылдың тірлігін түзеткен Мөкен сияқты азаматтар жолы ұмытылмақ емес.

Кенжетай БАЛҒАБАЙҰЛЫ.

Мәдениет саласындағы мәні ерек бастамалар



тапханашыларға риясыз сүйсіндік. Ал мұражай қызметкерлері ұсынған Жан-қожа батырдың қару-жарағының үлгісі кеземдізге өрілш рұз құйғандай болды. Тіпті кішігірім шаңырақтай арқадың мүйізі де жұртты елең еткізді. Іштей біздің туған өлкеміздің тарихын ұрпақтан-ұрпаққа мирастайтын мәдениет май-талмандарына алғысымызды жаудырдық.

Алқа мәжілісінде өткен жылы атқарған істер, алдағы міндеттерді жұртшылыққа мәлімдеген аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Толыбай Жүсіповтің баяндамасы шынайы да тартымды болды. Кемшіліктерді де өткір жеткізуге құрылған баяндама тыңдарманның талғамынан табылды.

Қазалы аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөліміне қарасты мәдениет орталығы, 26 кітапхана, мемориалдық музей, тарихи-өлкетану мұражайы және кент, қала, ауылдық округ

әкімдіктеріне қарасты 6 мәдениет үйі мен 17 клуб бар. Өткен жылы мәдениет саласына бөлінген қаржы толығымен игерілген. Оған қоса мәдениет ошақтарының материалдық-техникалық базасы нығайтуға бюджеттен 2015 жылы 35695,0 мың теңге қаралыпты. Оның ішінде аудандық мәдениет орталығына жылжымалы сахна, жарық беру аппаратурасы LED экран, музыкалық аспаптар, Жалантөс батыр ауылдық клубына музыкалық аппаратура, Бек арыстан би, Қожабақы, Бөзкөл ауылдық мәдениет үйлері, Өркендеу, Пірімов ауылдық клубтарына сахналық киімдерге, Жанқожа батыр, Бөзкөл ауылдық мәдениет үйлері, Тасарық, Бірлік ауылдық клубтарына кеңсе заттарына қаржы бөлінген. Ағымдағы жылы музыкалық аппаратура сатып алуға аудандық бюджеттен 18 млн теңге қаралыпты.

Соңғы жылдары Түктібаев, Абай ауылынан типтік жобалар салынған клуб пайдалануға берілді деген бөлім

басшысы Толыбай Жүсіпов мәдениет ошақтарында ақылы қызмет көрсету жұмыстары артығымен орындалғанмен, Жалантөс батыр 72, Қазалы қалалық мәдениет үйі 87 пайыз көрсеткенін, штаттық бірліктерге сәйкес мамандарды жұмысқа қабылдау барысында кейбір ауылдық мәдениет үйлері мен клуб директорлары бірқатар кемшіліктерге жол бергенін, ауыл клубтарының арасында орта білімді мамандар саны әлі де азаймай отырғанын бүкілсіз жеткізді.

Мәжілісте сөз алған аудан әкімі Н.Шамуратов мәдениет саласын дамытуда елімізде көптеген шаралар жаралып жатқанын, мұндай көріністі Қаза-лыдан да байқау қиынға соқпайтындығын, ауданда халық шығармашылығын дамытып, ұлттық өнерімізді насихаттауда мәдениет үйлері мен клубтардың маңыздылығын айта келе, төрт ауылдық клубтың апаттық жағдайдағы нысандар тізіміне енгізілгенін жеткізді. Аудандағы мәдениет ошақтарының мәселесін рет-ретімен шешу жоспарланып отыр. Өткен жылы Абай елді мекенінен клуб құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді. «Жұмыспен қамту-2020» жол картасымен 4 ауылдық клубтың күрделі жөндеуден өткенін айтқан аудан басшысы Жалантөс батыр ауылдық клубы құрылысының жоба-сметалық құжаттары дайындалып жатқанын, қалалық мәдениет үйлері, Ақстан батыр ауылдық клубын, Жалантөс батыр ауылдық кітапханасын күрделі жөндеуден өткізу жоспарланғанын, басқа да онды межелері барын атап өтті. Шара барысында еңбегімен төрге озғандар аудан әкімінің, сала басшыларының марапаттарын иеленді.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.

Қазалы ауданы.

МҮЛІКТІ ЖАРИЯ ЕТУДЕГІ МҮМКІНДІКТЕР

Облысымызда 2014 жылғы 1 қыркүйектен бастап «ҚР азаматтарына, оралмандарға және Қазақстан Республикасында тұрға ықтиярхаты бар адамдарға олардың мүлкі жария етуіне байланысты рақымшылық жасау туралы» Заңына сәйкес мүлкі жария етуге құжаттар қабылдау жүргізілуде. Ол 2016 жылдың 31 желтоқсанына дейін жалғасатын болады. Мүлкі жария ету табыстарды жасыру мақсатында заңды экономикалық айналымнан шығарылған және ҚР заңнамасына сәйкес ресімделмеген не тиісті емес тұлғаға ресімделген мүлікке құқықтарды мемлекеттің тану рәсімі болып табылады. Ол жария етілген капитал түрінде экономикаға қосымша қаражатты тарту, оны заңды айналымға енгізуге мүмкіндік береді.

Елбасы ұсынған бес институттық реформа және оны жүзеге асырудың 100 нақты қаламында «2017 жылдың 1 қаңтарына мемлекеттік қызметкерлер, одан әрі барлық азаматтар үшін кірісті және шығысты жалпы жариялауды кезең-кезеңімен жүзеге асыру» қарастырылған. Яғни, жалпыға бірдей декларациялау кезінде азаматтар заңдастырылған мүлкі мен табыстарын ашық көрсете алады.

Қазақстан Салық мәселелерінде өзара әкімшілік көмек туралы конвенцияға қосылғаны белгілі. Оның негізінде әлемнің әр түрлі елдерінің салық органдары өз резиденттерінің осы елдерде орналастырылған мүлкі мен кірістері туралы ақпаратпен алмасуда. Осылайша, мүлкі

жария ету бойынша жүргізілетін акция мемлекеттің кіріс органдарымен өзара қарым-қатынастарды реттеу және болашақта ықтимал наразылықтарды болдырмау үшін жақсы мүмкіндік болып табылады.

Мүлкі жария ету барысында алынған мәліметтердің құпиялылығы сақталады және заңдастырылған мүлік пен мүлік несінің үстінен мүлкі жария ету барысында анықталған мәліметтерге сүйене отырып қылмыстық іс жүргізуге және әкімшілік, тәртіптік жауапкершілікке тартуға тыйым салынған. Сонымен қатар, мемлекеттік органдар қызметкерлерінің жария ету барысында алынған мәліметтерді заңсыз жариялағаны үшін жауапкершілігі көзделетін қылмыстық заңнаманың нормалары нақтыланды және күшейтілді. Жария етуге ақша, бағалы қағаздар, заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесі, ҚР заңнамасына сәйкес мемлекеттік тіркеуге жататын, басқа адамға ресімделген және еліміздің аумағынан тыс жерлердегі жылжымайтын мүлік жатады. Ал құқыққа, аламың бостандығына қарсы жасалған қылмыстар, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық және қылмыстар, жалған ақша, құнды қағаздар мен құжаттарды заңсыз жасау нәтижесінде алынған мүлік және ақша, құқығы сот тәртібінде немесе заңды түрде даулаып жатқан мүлік, несие ретінде алынған қаржы, мемлекеттің пайдасына талсыруға тиіс мүлік, құрылысының аяқталуы бюджеттік қаражаттың есебінен іске асырылатын жылжымайтын мүлік

объектілеріндегі тұрғын және тұрғын емес үй-жайлар жария етуге жатпайды.

Бытырт арнайы заң шеңберінде мүлкі жария ету бойынша жүргізілетін акцияның талаптарына өзгерістер енгізілді.

Өзгерістер жария ету рәсімдерін елеулі дәрежеде оңтайландырады, сондай-ақ жария ету субъектілері үшін қосымша кепілдіктер енгізді.

Сондай-ақ, әкімдіктердің жанындағы комиссияларда иелену құқығы тиісінше ресімделген Қазақстан Республикасының аумағындағы жылжымайтын мүлік жария етілетін болады. Ал еліміздің аумағының шегінен тыс жерлерде орналасқан, оның ішінде тиесілі емес тұлғаға ресімделген мүлкі (ақшадан басқа), ҚР аумағындағы басқа тұлғаға немесе жария ету субъектісіне ресімделген мүлкі (ақшадан басқа) жария ету мемлекеттік кірістер органына арнайы декларация ұсыну жолымен жария етіледі. Жария етілетін мүлкінің құнынан 10% мөлшердегі алымның елімізден тысқары орналасқан мүлікке қатысты ғана төленетіні туралы норма сақталды. Бұл ретте шетелде орналасқан, сенімгерлік басқаруға берілген мүлкі жария ету мүмкіндігі қосымша ұсынылған.

Гүлжамал ШОРТАНБАЕВА,
Қызылорда облысы бойынша МҚД
Мемлекеттік қызмет көрсетулер
басқармасының басшысы.

● НАРЫҚ

АРЗАН БАҒА ҚАЙДА БАР?

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының ақпараттық-маркетингтік жүйесі арқылы күнделікті негізгі азық-түлік өнімдерінің бағаларына мониторинг жүргізіліп отыр. Жүргізілген мониторинг нәтижесінде бүгінгі күні ең арзан өнімдерді облыс аудандары мен Қызылорда қаласының төмендегі сауда үйлері мен базарларынан алуға болатындығын хабарлаймыз.

ҚЫЗЫЛОРДА. «Дәмді» әлеуметтік дүкендерінде күріш – 165, жұмыртқа – 26, нан – 40, картоп – 55, сәбіз – 65, қырыққабат – 75, піяз – 60, қант – 200, өсімдік майы – 340, 1 сұрыпты ұн 60 теңгеден сатылуда.

«Мирас» сауда үйінің ауласында орналасқан қоймада картоп – 55-60, піяз – 50-55, сәбіз – 65-70, қырыққабат – 70-75, қызылша 80 теңгеден.

АРАЛ. Арал қаласының жеке кәсіпкері С.Саяновтың «Қуантқан» дүкенінде күріш – 160-180, картоп – 50-55, піяз – 55-60, сәбіз – 75-80, қырыққабат – 85-100, қызылша – 100, қант – 210, қарақұмық – 230, тауықтың сан еті – 480, өсімдік майы – 350-360, 1 сұрыпты бидай ұны – 55 теңгеден, жеке кәсіпкер Н.Сапарбаевтың дүкенінде картоп – 60, піяз – 55-60, сәбіз – 85-100, қырыққабат – 85-100, жұмыртқа 24-25 теңгеден саудалануда.

ҚАЗАЛЫ. «Әлеуметтік сауда дүкені» картоп – 60, піяз – 60, қырыққабат – 90, сәбіз – 80, қызылша – 90, сыыр еті – 1000, түйе еті – 900, көк еті – 1000, қарақұмық жармасы – 200, қант – 200 теңгеден сатылса, ал «Фез-Перизат» сауда үйінде, қырыққабат – 80, піяз – 60, картоп – 70, сәбіз – 80, қызылша 80 теңгеден сатылуда.

КАРМАҚШЫ. «Ыбығұр» базары мен «Жалдос» дүкенінде картоп – 70, сәбіз – 80-90, жуа – 60, қырыққабат – 80-90, жұмыртқа – 25, күріш – 160, қарақұмық жармасы 220 теңгеден.

ЖАЛАҒАШ. «Бәйте-рек», «Жібек» базарларында өсімдік майы – 310, картоп – 65-70, сәбіз – 90, піяз – 60,

қырыққабат – 80, жұмыртқа – 24, «Ақниет», «Айдана» және «Қаракөз» дүкендерінен 1 сұрыпты бидай ұны – 60-90, нан – 47, жұмыртқа – 24, өсімдік майы – 310, піяз – 60, сәбіз – 90, картоп – 65-70, қырыққабат – 80, тауық еті 500 теңгеден алуға болады.

СЫРДАРІЯ. «Өркен» және «Серікбол» дүкендерінде нан – 45, өсімдік майы – 330-380, қант – 200-220, картоп – 60-90, сәбіз – 85-90, піяз – 55-75, қырыққабат – 75-90, тауық еті – 480-550, жұмыртқа – 24-25, Бақтыжан», «Нұр» дүкендерінде жұмыртқа – 22-25, өсімдік майы – 350, қант – 200-220, қырыққабат 90 теңгеден сатылуда. «Коммунальдық» базарында 1 сұрыпты бидай ұны – 57, нан – 45, өсімдік майы – 380, қырыққабат – 90, қант – 220, жұмыртқа – 25, тауық еті 550 теңге.

ШИЕЛІ. «ӘШорабаев» базарында картоп – 60, піяз – 50, сәбіз – 70, қырыққабат – 80, өсімдік майы – 350, қант – 210, жұмыртқаның 10 данасы – 240, тауық еті – 500, ет – 1000, тұз 35, ал 1 сұрыпты бидай ұны 60-88 теңгеден сатылып жатыр.

ЖАНАҚОРҒАН. «Мағжан», «Занғар», «Сырдария», және «Нұрсылы» дүкендерінде 1 сұрыпты картоп – 55-60, піяз – 40-55, қырыққабат – 70-80, сәбіз – 75-80, тауық еті – 480-550, жұмыртқаның 10 данасы – 240 теңге болса,

«Нұр» базарында ет келісі – 1000-1100, жұмыртқаның 10 данасы – 240-250, жуа – 50, сәбіз – 80, картоп – 60-70, қырыққабат 80 теңгеден сатылуда.



Кәсіпорындар басшыларына және жеке тұлғалар назарына

«Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығы» акционерлік қоғамының Қызылорда филиалы барлық типтегі ГАЗ ЕСЕПТЕГІШТЕРІН салыстырып тексеру жұмыстарын жүргізеді. Филиал газ есептегіштерін пайдаланылып тұрған орындарында салыстырып тексеруді жүргізетін эталонды қондырғылармен қамтамасыз етілген. **Біздің мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда к.с., Желтоқсан көш., 160. Тел: 23-56-54, 23-57-07, 23-61-74; ұялы тел.: 8 777 455 11 29.**

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті «Б» корпусының бос әкімшілік мемлекеттік лауазымына орналасуға конкурсы жариялайды: Бас маман (С-О-5 санаты) - 7 бірлік; Жетекші маман (С-О-6 санаты) - 1 бірлік. Толық ақпаратты Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің www.kyzmet.gov.kz веб-сайты немесе 8 (7242) 23-08-52 телефоны арқылы алуға болады.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Умарова Маржанның атына Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Әл-Фараби ауданы, 454 кварталы, №28 учаскесіне берілген жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін акті (кадастрлық №10-156-016-1095, №0109733 30.12.2005 ж.) түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Құлжанов Ахметәлі Бекмұхамедұлының атына Қызылорда облысы, Арай тұрғын ауданына берілген сатып алу-сату келісім-шарты (№4111 17.09.2007 ж.) түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Байшылықов Ғанибек Әнтайұлының атына Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Жаңажол ауылындағы Өтеген Ерқожа атындағы №107 орта мектепті 2005 жылы бітіргені жөнінде берілген ОБ 1491972 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Тәжібаева Толқын Жұмахметқызының атына Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтын «Биология және қосымша химия» мамандығы бойынша 02.07.1991 жылы бітіргені жөнінде берілген УВ №671794 дипломы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

СКРИНИНГ – ДЕНСАУЛЫҚТЫҢ АЙНАСЫ

Қатерлі ісік аурулары өлім-жітімнің ең үлкен себепшісі болып табылады. Қатерлі ісік – бұл емделетін ауру, неғұрлым ерте анықталса, толықтай емделіп кету мүмкіндігі бар. Қатерлі ісік ауруларын ерте анықтау үшін скринингтен өту қажет.

Скрининг – бұл ерте сатыда ауруларды және қауіп факторларын анықтау үшін белгілі бір жастағы дені сау адамдарды профилактикалық медициналық тексерілуден өткізу, ал профилактикалық медициналық тексерілу – аурушандықты ерте анықтау, дер кезінде емдеу және алдын алу мақсатында дәрігердің адам денсаулығын ұдайы бақылауға алып, осылайша емдеудің тиімділігін арттыру және асқынулардың дамуының алдын алу. Осы зерттеулер жаппай өткізіліп жатқан елдерде жатыр мойны, сүт безі, тоқ ішек және қатерлі ісіктің өзге түрлерінде болатын өлім-жітім саны күрт төмендеген.

Қазіргі таңда қандай аурулардың алдын алуға жұмыс жүргізіліп жатыр?

Қазіргі таңдағы әлеуметтік маңызды аурулар қатарына еніп тұрған қан айналымы аурулары, көз аурулары оның ішінде глаукома (суқараңғылық) және қант диабеті ауруларын болдырмау және ерте сатысында анықтау мақсатында 40,42,44 және с.с. 64 жасқа дейінгі адамдарды профилактикалық-медициналық тексеруден өткізу жүргізілуде.

Отан қоса, қатерлі ісік ауруларының ішінде сүт безі, тоқ және тік ішек, өңеш

және асқазан, қуық асты безі және бауыр қатерлі ісік ауруларының алдын алу мақсатында 50,52,54,56 және с.с. 60,70 жастағы адамдарға және жатыр мойны қатерлі ісік ауруын ерте сатысында анықтау мақсатында 30,35,40,45,50,55,60 жастағы әйелдерді тексеру қаралған.

Тиімділігі қандай? Артық салмақ, темекі мен ішімдікке әуестік, дене белсенділігінің аздығы сияқты факторлар қан айналымы және қант диабеті ауруларын туғызады. Біздің елімізде осы жағдайларға бейім адамдар көп. Скрининг барысында адамды ауру деп анықтамағанымен, осы ауруларға бейімділік факторлары анықталса, міндетті түрде ауруды болдырмас үшін арнайы ашылған денсаулық мектептерінде сауықтыру шаралары жүргізіледі.

Қатерлі ісік аурулары 4 сатыға бөлінеді. Оның алғашқы 1-2 сатысында адамға білінбей, еш ауырсынудың өтуі мүмкін. Сыртат осы 1-2 сатысында анықталса, медицина саласының аурудан түбегейлі айықтырып жіберуге мүмкіндігі бар. Өкінішке орай, біздің елімізде 3-4 сатыда анықталып көмек көрсету мүмкіндіктері шектелуі болып жатқан жағдайлар көп-ақ. Осы тұста Скринингтің пайдасы орасан зор.

Скрининг тегін жүргізіледі ме?

Әрине, алдын ала профилактикалық тексеру жұмыстары тегін. Сондықтан уақытты жіберіп алмай, профилактикалық тексеруден өтінгіздер! Скринингтік тексеру денсаулықтың айнасы екенін ұмытпаңыздар!

Қызылорда облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы.

Туберкулездің тұзағына түспейік!

Туберкулез – бұл жұқпалы ауру. Ең бастысы, туберкулезге тынысу алу жолдары – өкпе жиі шалдығады. Туберкулез науқастың жанұясына үлкен қайғы-қасірет, ал мемлекетке экономикалық шығын әкелуде, өйткені туберкулезбен ауырғандардың 75%-ы 20-40 жас аралығындағы еңбекке жарамды және балалы болып жастағылар. Туберкулезге шалдыққандар уақытында дәрігерге көрініп, емдеу жұмыстарын үзбей алып отырса, толық айығып шыға алады. Мұндай жағдайда туберкулезден болатын өлім саны да азайған болар еді.

Туберкулез таяқшалары ауру адамнан жөтелгенде, түшкіргенде білініп, ауада бірнеше сағат бойы жерге түспей қалықтап тұра алады, осыған орай туберкулездің ашық (жұқпалы) түрімен ауыратын адам ұзақ уақыт нашар желденетін орында, адамдар көп жиналатын жерде (жиын-тойлар, көпшілікті тасытын көліктер, жатақхана, абакты) болса, онда сол жердің ауасына туберкулез таяқшалары көптеп тарайды, ауруды жұқтыру қаупі ұлғаяды. Ауа тамшыларымен қоса тұрмыстық заттарды біріктіріп пайдалану, мысалы тойға барғанда бір қол орамалға барлығымыздың қол сүртүіміз, бір шыныдан су ішуіміз, сүйсініп амандасуымыз, бір шылымды бөлісіп тартуымыз туберкулездің жұғуына жол ашады.

Егер туберкулездің ашық түрімен ауыратын науқас адам дер кезінде емделмесе, онда ол бір жылда 10-12 адамға туберкулезді жұқтырады.

Туберкулез өте қорқынышты және қауіпті. Жұқтырғандардың қашан ауыратындығын анықтау мүмкін емес. Бірақ нашар тамақтану, қосымша аурулар (АҚТҚ,ЖҚТБ, қант диабеті, асқазан, ішек жарасы, зоб) және зиянды әдеттер, жүйкенің жұқауы, суыққа бой алдыру, ауыр титықтататын жұмыс, қарнарыз тамақтану – мұның барлығы да туберкулезбен ауыруға жағдай туындарды.

Туберкулез ауруы басталғанда терішендік, әлсіздік, тез шаршағыштық білінуі мүмкін. Бірақ бұларды жұмыстан шаршап жүргендіктен, салқын тигендіктен байланыстырады. Ауру үдей келе әлсіздік, дене қызуының көтерілуі, жөтел, кеуденің шаңшып ауыруы, асқа табеттің болмауы, жұмыс қабілетінің төмендеуі сияқты белгілер тұрақтана бастайды. Туберкулездің осындай негізгі белгілеріне адамдардың көбі көңіл бөліп, дәрігерге қаралтын болса ауруды жеңуге болады.

Жеке бас, қоғамдық гигиенаны сақтауға болады, бірақ ешкім өзіне жеке ауаны сатып не болып ала алмайды. Бізмізге ауа ортақ болғандықтан туберкулезге шалдықпайтуға, алдын алу шаралары мен белгілерін білу өкпемізге туберкулез таяқшаларының ауа арқылы ену қаупін азайтады. Қоғам дер саналатын туберкулезбен күресу – қоғамның әрбір мүшесінің алдына қойған мақсаты болса, бізге туберкулез дерті ешбір қауіп туылдырмасы анық.

Облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы.

БАҚҰЛ БОЛ, АЯУЛЫ ӘРІПТЕС



Үстіміздегі жылдың 25 ақпанында Сыр бойына танымал азамат, «Интергаз Орталық Азия» акционерлік қоғамының «Қызылорда» Магистральды газ құбырлары басқармасы» филиалы директорының бірінші орынбасары Қожаниязов Тимур Салаватұлы 45 жасқа қараған шағында өмірден озды.

Қожаниязов Тимур Салаватұлы 1971 жылдың 26 маусымында Қызылорда облысында дүниеге келген. Қазақ құқықтану және халықаралық қатынастар институтын заңгер мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын 1988 жылы Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтында бастады. 2008-2009 жылдары «Интергаз Орталық Азия» акционерлік қоғамының «Қызылорда» Магистральды газ құбырлары басқармасы» филиалында кадрлар бойынша маманы, 2009-2010 жылдары ГБС инженері, диспетчері, 2011 жылдан өмірінің соңына дейін директордың күрделі құрылыс және жөндеу бойынша орынбасары, филиал директоры, директордың бірінші орынбасары қызметтерін абыройлы атқарды.

Қызылорда өңірінде газ саласын дамытуға аянбай еңбек етіп, зор үлесін қосқаны үшін 2010 жылы Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрінің Құрмет грамотасымен, 2011 жылы «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік медалімен марапатталды.

Қожаниязов Тимур Салаватұлы газ саласында адал да абыройлы қызмет атқарып, саланың қыр-сырын толық меңгерген кәсіби маман еді. Ал әріптесіміздің азаматтық бейнесіне үлнәсек, қарапайым, адал, кишіпейіл, әккөніл, жүзінен тек жылылық сезілетін қайырымды, мейірімді жан ретінде мәңгілік есте қалады. Алланың жазуына шара жоқ, ол ортамыздан ерте бақылыққа аттанды.

Бақұл бол, аяулы әріптес. Жаның жәннатта, топырағың торқа, иманың жолдас болсын.

Марқұмның отбасына, туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз.

«Интергаз Орталық Азия» акционерлік қоғамының «Қызылорда» Магистральды газ құбырлары басқармасы» филиалы.

Қызылорда облысының әкімдігі мен мәслихаты, «Нұр Отан» партиясының облыстық филиалы облыс әкімінің орынбасары, Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі Қожаниязов Серік Салауатұлына інісі

Қожаниязов Тимур Салауатұлының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қызылорда қаласының әкімдігі және қалалық мәслихат облыс әкімінің орынбасары, Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі Қожаниязов Серік Салауатұлына інісі

Тимур Салауатұлының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының ұжымы Қызылорда облысы әкімінің орынбасары, Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі Қожаниязов Серік Салауатұлына інісі

Қожаниязов Тимур Салауатұлының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ректораты мен ұжымы университеттің ардагер ұстазы **Сақтағанов Төлек Сақтағанұлының** қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына орны толмас қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

ҚР ҰЭМ ТҚК Комитетінің Қызылорда облысы бойынша тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті басшыларының Азаматтарды қабылдау күндері				
№	Аты-жөні, тегі	Лауазымы	Қабылдау күндері, уақыты	Мекен жайы, жұмыс телефоны
1	Нұртаев Рзақұл Сәденұлы	Департамент басшысы	Жұмыс күндері 9.00-ден 18.30-ға дейін	Қызылорда облысы Қызылорда қаласы, П.Чайковский к-сі №10 үй 8 (7242) 23-75-57, 23-70-22
2	Сүлейменов Ерқасым Жайбергенұлы	Департамент басшысының орынбасары	Жұмыс күндері 9.00-ден 18.30-ға дейін	Қызылорда облысы Қызылорда қаласы, П.Чайковский к-сі №10 үй 8 (7242) 23-72-20, 23-70-22
3	Аханаева Ұлбосын Өмірбайқызы	Департамент басшысының орынбасары	Жұмыс күндері 9.00-ден 18.30-ға дейін	Қызылорда облысы Қызылорда қаласы, П.Чайковский к-сі №10 үй 8 (7242) 23-81-48, 23-70-22
4	Тұяқбаев Ерзат Ғабитұлы	Департамент басшысының орынбасары	Жұмыс күндері 9.00-ден 18.30-ға дейін	Қызылорда облысы Қызылорда қаласы, П.Чайковский к-сі №10 үй 8 (7242) 23-61-03, 23-70-22

ҚР ҰЭМ ТҚК Комитетінің Қызылорда облысы бойынша тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің «Сенім телефоны»		
№	Мекеменің аты	Сенім телефоны
1.	ҚР ҰЭМ ТҚК Комитетінің Қызылорда облысы бойынша ТҚК департаменті	8 (7242) 23-70-22

● ӘРІПТЕС ТУРАЛЫ ӘҢГІМЕ

Сыр өңіріне белгілі журналист Мақсұт Ыбырашевтің өзіндік ерекшелігі бар. Ол қазақша ойланып, мақалаларын орыс тілінде жазады. Қандай мәселені көтерсе де түбегейлі зерттеп барып жарыққа шығарады. Бейне бір екі рет өлшеп, бір рет кесетін ісмер секілді. Бұл орайда ол қажетті адамдарын іздеп жүріп сөйлесуден тіпті ерінбейді. Түнде ме, күндіз бе, тәуліктің қай мерзімі болса да бәрібір іздеп тауып, телефонмен болса да сұхбатын бастап кете береді. Жағдайын білмек пейілде әңгіме өрбіте отырып, қажетті деректерін жинап алатын алымдылығын айтсаңызшы. Сондықтан да пісіріп барып жариялаған мақалалары қашанда көпшілік көңілінен шығып, орынды талабы уақытылы жүзеге асып жататындығы бар.



МЕНШІКТІ ТІЛШІ

Шиелідегі қазақ орта мектебін бітірген ол Оралда ауыл-шаруашылық институтын тәмамдады. Жоғары оқу орнында оқыған кезінде де, әскер қатарында азаматтық борышын өтеп жүргенінде де бұқаралық ақпарат құралдарымен тығыз байланыста болып, хабар-ошар жазып тұрды. Бұл әдеті мектеп қабырғасында басталған еді. Белсенді оқушы болумен қатар, футбол ойнап, доп куга да әуес болды. Газет-журналдарды ақтарып, әлем спорттың қорифейлері туралы қызыға оқып жүріп, өзі де солар туралы жазуға талпынды. Бала Мақсұт: «Шіркін, біздің қазақтың балаларынан да сондай спорт шеберлері шықса» деп армандайтын. Сол көңілдің әуенімен жазған алғашқы мақаласы республикалық «Спорт» газетінде жарк ете қалды. Бұл оқушының мерейін өсірді, тағы да сол секілді жаналық іздеп сабылды. Сондай шақта анасы Гүлнар қуанса, нағашысы Мұзаптар: «байла, сабырлы бол» деп тоқтам айта-тын еді. Мұнысы жас көңілдің қиял жетегінде кетпесін дейтіні шығар.

Міне, сол Мақсұт Ыбырашев облыстық «Қызылординские вести» газетінің Шиелі, Жаңақорған аудандарындағы тілшісі. Осындай қызметке келген он жеті жылда Сыр өңірінің онтүстігіндегі екі ауданда шарламаған жері жоқ шығар. Айтпақшы, елгезек жігітті кейде газеттің бас редакторы Тимур Қасымов шақырып алып, басқа аудандарға да арнайы жіберетіні бар. Жолығысқан кісілерімен тез тіл тасыа алатын Мақсұт барған жерлерінен жаңа достар тауып, олармен де жиі-жиі хабарласып тұрады. Өзіне бейтаныстау өңірдің ерекшеліктерін, адамдарының тұрмыс-тіршілігін, салт-тұрпын тез аңғарып, көргендерін журналистік жазбаларында жиі пайдаланатын аңғарымпаздығы ерекшелейді оны.

Кейде Мақсұт ініміз Орал жақтан шаң беріп қалады. Ол жақта баяғы институтта бірге оқыған достары, әскерде бірге болған құрдастары бар, олардың да жағдайын білуге құштарлығы мен

жер тануға да ынтазарлығы оны осылай алыс сапарларға шақырып тұрады-ау.

Илейтін теріміздің пұшағы бір болған соң, екеуміз жолсапарларға да көбінесе бірге шығамыз, сондай кездерде жақсы жолсерік, қарапайымдылығын, кішіпейілдігін көрсетіп бағады.

— Осы сапар барысында бірталай тақырыпты қамтып кеткеніміз жөн, сондықтан асыға бермей, сәл сабыр сақтайық, - деп алады да, барған ауылымыздағы мектеп, медпункт, шағын кәсіп иесі дейсіз бе, бәрімен кездесіп, блокнотын толтырып жүргені.

— Нұреке, керемет сурет түсірдім, оны сізге кейін беремін, - дейтіні тағы бар.

Журналист өзінің көп жылғы басылым беттеріндегі мақалаларын жинап, «Меншікті тілші, Собственный корреспондент» атты кітап шығарыпты. Ақтара қарап отырып, мемлекеттік бағдарламалардың орындалу барысы, ауыл тұрғындарының әлеуметтік жағдайы, білім, денсаулық саласы, тағысын тағы бәрі де қамтылғандығын аңғарасыз. Әсіресе, ол жоқтан бар жасап, ізденіспен еңбек ететін ұсыныс азамдардың өмірін әдемі өңірткенген. Әріптесіміз ердің жасы елуге келді. Өз ортасына беделді. Жарасымды шаңырақтың отағасы. Аудандық ауруханада медбихі болып қызмет атқаратын Әлия келін екеуі ұл-қыздарын үлгілі өсіріп отыр. Ұлы Бақытжан өткен жылы жоғары оқу орнын бітіріп, қазір Жаңақорғандағы күкірт-қышқыл зауытында еңбек етсе, қыздары Айнуір Түркістандағы университетте журналистика факультетінде оқып жүр. Оның да калам тербетуге бейімі тәуір, әке жолын қалады.

Иә, киелі қаламды серік еткен Мақсұт ініміз өмір даңғылынан өз соқпақтан тапқан, елге белгілі азамат. Көп көкейіндегісін айта алады. Сөз соңында оған салған сұрлеуден жанылыспа, жазарың көп болсын дейміз.

Нұрмахан ЕЛТАЙ.
Шиелі ауданы.

КҮЛКІГЕ КЕНЕЛТКЕН ҚОЙЫЛЫМ

Н.Бексезанов атындағы қазақ музыкалық драма театрында Сәкен Жүнісовтің “Қысылғаннан қыз болдық” музыкалық комедиясының қойылымы болды. Сатираға құрылған туындының қоюшы режиссері – Ш.Айтматов атындағы халықаралық сыйлықтың лауреаты және Ж.Шанин атындағы ОҚО драма театрының режиссері Қуандық Қасымов. Ал суретшісі – Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері, жерлесіміз Серік Пірмаханов.

“Қысылғаннан қыз болдық” музыкалы комедиясы музыка әлемінде өз орнын іздеген топтар жайында. Фестивальға қатысушы ансамбль тек қыздардан құрылып шарт болғандықтан, бұл топ амалсыздан басты әншіні қыз қылып киіндіруге мәжбүр болады. Көмекке келген сүрбойдақ Едіге қыздың рөлін сомдаған ауылдағы учаскелік полиция қызметкеріне ғашық болып қалады. Директор мен режиссер шытырман күлкілі жағдайға тап болып, ретін келтіріп жететайлық құрықтан шығу амалын іздейді. Ко-



медия қазақ әндерінен құрылып, жанды дауыста орындалды. Сахнада шырылған ән де, қатысушылардың актерлік шеберлігі де көрермендерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Қойылымды жұртшылықпен бірге облыс әкімі Қырымбек Көшербаев та тамашалады.

Көрермендерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлаған спектакльдің бас-

ты рөлінде театрдың жас әртісі Қанат Арқабаев ойнады. Сондай-ақ, ауыл және қала тұрғындарын Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Бақытбек Алпысбай, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Камила Әбжанова, ҚР мәдениет қайраткері Залипа Төлепова мен басқа да театр әртістері сомдалды.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ.

ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫНЫҢ ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗЫ

25 ақпан – Алаш арыстарының бірі Темірбек Жүргеновтің дүниеден озған күні, ұлт қайраткерін ажал оғына байлаған күн. Жалғыз Темірбек Қараұлы ғана емес, бұл кәсіретті күнде Сәкен Сейфуллин, Ұзақбай Құлымбетов сынды ардақтыларымызға да ату жазасы орындалған еді.

Бейсенбіде Қызылорда қаласындағы №136 Т.Жүргенов атындағы мектепте «Т.Жүргенов – қазақ руханиятының жарық жұлдызы» атты еске алу кеші өтті. Ел арысының өмірден өткен күніне орай ұйымдастырылған шараға қайраткер атындағы қордың президенті Спен Ансат, қор хатшысы Өміт Жұмағұлов, ұлт мақтаншылығын жан-жақтан келген туыстары қатысты. Кешке қатысушылар белгілі тұлға туралы сыр шертіп, шараның маңызын, алдағы уақытта жалғасын табуына тілкетестігін білдірді. Сондай-ақ,

шара барысында қонақтар мектептегі мұражаймен танысты, оқушылардың әдеби қойылымы мен өнерін, қысқаша деректі фильмді тамашалады. Сонында мектеп асханасында марқұмның аруағына құран бағышталды.

Бүгінгі ұрпақ ұлт тарихымен сусындап, бабалар ерлігін санаға сіңіріп өсуі тиіс. №136 Т.Жүргенов атындағы мектеп-лицей директоры Фатима Сәрсенбаева білім ордасында бұл бағыттағы шаралар жиі ұйымдастырылатынын айтты. Айта кетейік, еске алу шарасы қарсаңында мектептің барлық сыныптарында «Тұғыры биік тұлға» тақырыбында апталық өтті. Сондай-ақ, оқушылар мемлекет қайраткерінің ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, тағзым етті.

Нағымжан САУЯЕВ.

ТІЛДІҢ МӘРТЕБЕСІ – ЕЛДІҢ МӘРТЕБЕСІ

№9 дарынды балаларға арналған облыстық қазақ-түрік лицейінде Халықаралық «KATEV» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен «Жарқын болашақ» VIII республикалық олимпиадасының облыстық кезеңінің іріктеу рәсімі өтті. Іс-шарада «Тілші – әдебиетшілер», «Жазушылар», «Жас ғалымдар», «Сөз шеберлері», «Әнші-бүлбүлдер» атты 5 бағыттан тұратын байқау ұйымдастырылды. Байқауға облысымыздан барлығы 70 оқушы қатысып, өзара бақ сынасты. Сайыс барысында талантты шәкірттер өздерінің ана тіліне деген сүйіспеншілігін жер жолдарымен жеткізді. Сондай-ақ, ғылым жоға барысында өздері қорғап шыққан тақырыптарын аша білді.

Қазақ тілінің қадірі мен қасиетін бағалай білген Сыр елінің шәкірттері өздерінің үлкен дайындықпен келгенін көрсетті. Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар танылған жарыс жеңімпаздары ақтық сайысқа жолда алды.

Нұртілек ҚАЛАБАЙҰЛЫ,
№9 дарынды балаларға арналған облыстық қазақ-түрік лицейінің мүғалімі.

Көп тіл білу – заман талабы. Елбасы өзінің 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі – жаңа Қазақстан» атты Жолдауында: «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» деген болатын. Сонымен қатар Елбасының: «Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді» - деп ескерткішін тағы бір қайталаасақ артық болмас.

Әлемде екінші ұстаз, ұлы ғұлама Әбу-Насыр әл-Фараби өмірінде 76 ұлттың тілін білсе, өр рухты дауылпаз ақын Махамбет пен қазақтың біртуар ұлы Шокан да бірнеше тіл меңгеріпті. Ұлы Абай орыс-қазақ тілдерінен қатар парсы, араб тілдерін білген. Орыс тілін орта жастан асқанда үйренген.

Намысын найзаға шапшып, құретамоны Көк бөріден нәр алған, көк Тәңірге табынған Күлтегінінің ұрпағына бүгінгі таңда ағылшын тілін меңгеру қиындық туғыра қоймас. Иә, көп тіл білу – әрине, мақтаныш. Өйтсе де, өз ана тілін аяқасты ету – тексiздiң iсi. Ана тілін жақсы біліп тұрып, өзге тілде жетік сөйлесе – бұл сүйініш, мақтаныш. Ал ана тілін білмей, өзге тілде сөйлесе – бұл күйініш, өкініш. Ал біздің мақсат – ағылшын идеологиясын сiңiрiп, ағылшын болып өмiр сүру емес, ағылшынның тілін үйрену. Балаларымызды әлемге қанат жайған ағылшын тілімен қаруландыру ғана емес пе? «Өз тілін – бірлік үшін, өзге тілің – бірлік үшін» деген мақал тегін айтылмаса керек. Ал, ағылшын әлем мойындаған жаһандану тілі. Бұл – бұзылмас заңдылық.

Ибағұл ӨТЕПБЕРГЕНОВА,
№15 мектеп лицейінің ағылшын тілі пәнінің мүғалімі.

Қызылорда құрылыс және бизнес колледжінде «Үлкен Ел – Үлкен Отбасы» жалпыұлттық жобасы аясында «Мәңгілік ел – ұрпақтар сабақтастығы» атты жиын болып өтті. Оған облыс әкімі аппараты «Қоғамдық келісім» орталығының мамандары, этномәдени қоғамдық бірлестігінің жетекшілері, оқытушылар мен студенттер қатысты.

МӘҢГІЛІК ЕЛ – ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ

«Үлкен Ел –Үлкен Отбасы» жалпыұлттық жобасының мақсатын түсіндіруге арналған шарада колледж директорының уақытша міндетін атқарушы Қарлығаш Омарова қоғамда татулықты насихаттаудың маңыздылығына кеңінен тоқталды. Мұнан кейін облыстық өзбек ұлттық мәдени орталығының жетекшісі Ашур Хамидов жалпыұлттық жобаның өңірімізде белсенді жүзеге асып жатқанын жеткізді. Ұлт бірлігі жайында кеңінен айтып берді. Оқу орны студенттері түрлі этнос өкілдерінің әнін айтып, биін биледі. Облыстағы ұлттық-мәдени орталықтардың құрылу тарихын, атқарылған жұмыстары жайында хабарлама жасалды. Түрлі ұлт өкілдерінің салт-дәстүрлеріне, мәдениеті мен өнеріне байланысты көрме көпшілік назарына ұсынылды.

Сондай-ақ, «Қоғамдық келісім» орталығының expertі Айбек Дайрабаев қазіргі кезде барлық аудандар мен қала орталығында «Үлкен Ел – Үлкен Отбасы» жалпыұлттық жобасын түсіндіру мақсатында шаралар ұйымдастырылып жатқанын, әсіресе жастардың белсенділік танытқанын айтып өтті.

Сара АДАЙБАЕВА.

● ДЕНСАУЛЫҚ

ОБЛЫСТА ЖҮРЕККЕ
ЖАҢА ОТА ТҮРІ ЖАСАЛДЫ

Қызылордада Астана қаласындағы Ұлттық ғылыми орталықтың кардиохирургия бөлімінің меңгерушісі, медицина ғылымдарының кандидаты Темур Лесбеков пен жоғары білікті реаниматор-анестезиолог Нұрлан Смағұлов жүрек соғысын тоқтатпай, жүрекке ашық ота жасалды. Отаның бұл түрі аймақта бірінші рет қолға алынып отыр. Облыстық медицина орталығының кардиохирургтері де

отаға қатысып, тәжірибе алмасты.

Отаның жаңа түрі төрт науқасқа жасалып, білікті мамандар 15 науқасқа кенес берді. Енді заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталған облыстық медицина орталығының кардиохирургтері аталған отаны өз күштерімен жасамас. Жалпы жыл басынан бері ашық жүрекке 20-дан астам ота жасалған.

Барлыбек БАТЫР.

Меншік иесі:
Сыр медиа

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР

Аманжол ОҒАРБАЕВ

☎ қабылдау бөлмесі
телефакс 70-00-36



Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР

Жұматәлі ӨБДІРАМАН

☎ қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың орынбасары 70-00-43

Жауапты хатшы 70-00-81

бөлімдер:

руханият және апарат - 70-00-64, 70-00-73

экономика - 70-00-41, 70-00-68

өлеумет және саясат - 70-00-41

жарнамa - 70-00-49, 70-00-52

өспен-қисап - 70-00-39, 70-00-38

заңгер - 70-00-42

компьютер орталығы - 70-00-34

корректор бөлімі

меншікті тілшілер:

Арал, Қазалы: Жұмабек Табынбаев - 8724 38-2-34-07

Шиеі, Жаңақорған: Нұрмахан Елтай - 8724 32-4-59-51

e-mail: syrboyi@mail.ru

site: www.syrboyi.kz

Газет аптасына 3 рет, сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.

Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

“Сыр бойы” облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 “Сапа менеджменті жүйесі” талаптарына сәйкес сертифицирталған.

Ақпаратқа қатысты хабарларды бейнесі бойынша телескоп, көзге көрінетін және қайтарымды.

Жариялар газетінің үлгілілік көзқарасын білдірмейді. “Ақ” нысаны қызмет.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, “Сыр медиа” ЖШС-е бапаланады басылды. Қызылорда қаласы. Бейбарыс Сұттан көшесі, 4

Газеттің таралымына “Kazakhstan” - 23-54-51, “Евразия-Пресс” - 27-62-84 жауапты.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұттан көшесі, 4

Таралымы 28485

Тапсырыс № 220

Электрондық оқылым – 28000.

ЖАС ЖҮРГІЗУШІЛЕР
БАҚ СЫНАДЫ

Облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығының ұйымдастыруымен «Маржан сөз, қонар үн» атты концерт жүргізушілері арасында конкурс өтті. Сайыстың мақсаты – жастардың бойына елжандылық, отансүйгіштік қасиеттерін сiңiру арқылы көркем шығармашылыққа баулу, тіл тазалығын, сөйлеу мәдениетін дамыту.

Шара барысында орталық басшысы Сәбит Аманкелдиев көпшілікті мерекелен құттықтап, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Байқауда 16-25 жас аралығындағы 40-қа жуық талапкер бағын сынады. Екі кезең бойынша сыныға түскен олар егемендік, туған жер тақырыбындағы өлеңдерді мәнерлеп, жатқа оқыды. Сондай-ақ, Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арналған мәдени шарадан үзінді көрсетті.

Сайыс соңында жеңімпаздар анықталып, бағалы сыйлықтармен марапатталды. Әділ қазылардың шешімі бойынша бас жүлде «Жас өркен» колледжінің студенті Нұршат Махамбетәліге бұйырды. Қалған қатысушылар жүлделі орындарды өзара бөлісті.

Гүлхан ЯХИЯЕВА.

КӨРКЕМ МІНЕЗ –
ИМАН АЙНАСЫ

Жуырда №3 және 19 кітапханалардың ұйымдастыруымен «Көркем мінез – иман айнасы» атты диспут болып өтті. Басты мақсат – оқырмандарға көркем мінез туралы түсінік қалыптастыру, имандылық пен инабаттылық қасиеттерге тәрбиелеу және кітап қорындағы кітаптарды насихаттау. Шараға «Жас өркен» Қызылорда индустриялық техникалық колледжінің студенттері және кітапхана оқырмандары қатысты. «Ыбырайым» мешітінің имамы Талғат Нұрман жастармен сұхбаттаса отырып, көркем мінезділік, ізгілік

жайында айтып, өскелең ұрпақты имандылыққа шақырды. Жастар аталған тақырыпта өз пікірлерін білдіріп, көкейде жүрген сұрақтарға тұшымды жауаптар алды. Көркем мінез, имандылық жайлы бейнероликтер көрсетілді. Сонымен қатар, «Көркем мінез – иман айнасы» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, библиографиялық шоу жасалды. Шараны орталық кітапханалар жүйесінің әдіскері Райхан Раушанбекқызы қорытындылап, қатысушыларға алғысын білдірді.

Кенжетай БАЛҒАБАЙҰЛЫ.

ХАБАРЛАМА

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің 2013 жылғы 11 наурыздағы №162 бұйрығына сәйкес 1 наурыздан 1 сәуірге дейін жалпы пайдаланымдағы республикалық маңызы бар автомобиль жолдарымен қозғалатын жүк автокөліктеріне шектеулер енгізілді.

Көктем кезінде енгізілетін шектеу жалпы пайдаланымдағы республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Шектеу кезінде жүк автокөліктерінің рұқсат етілген салмақтық параметрлері 20% азаяды:

- үш білікті жүк автокөліктің бірінші білігі 10 тоннадан 8 тоннаға дейін, қосарланған екі білік 16,5 тоннадан 13,2 тоннаға дейін, сондай-ақ жалпы салмағы 25 тоннадан 20 тоннаға дейін;

- төрт білікті жүк автокөліктің бірінші білігі 10 тоннадан 8 тоннаға дейін, қосарланған екі білік 16,5 тоннадан 13,2 тоннаға дейін, сондай-ақ жалпы салмағы 32 тоннадан 25,6 тонна аралығын.

- бес білікті жүк автокөліктің әрбір бір білігіне 10 тоннадан 8 тоннаға дейін, қосарланған үш білік 22,5 тоннадан 18 тоннаға дейін, сондай-ақ жалпы салмағы 40 тоннадан 32 тоннаға дейін төмендейді.

Өз кезегінде, біркатар автомобиль тасымалдарына, атап айтқанда, халықаралық жүк тасымалына, зардап шеккен адамдарға гуманитарлық көмек көрсететін, азық-түлік тасымалдайтын, сондай-ақ төтенше жағдайларды жоюға және алдын алу жөніндегі іс-шараларын жүзеге асыратын автомобильдерге шектеулер қойылмайды.

Қызылорда облысы бойынша көліктің бақылау инспекциясы.